



Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1 (33), 2023

www.irrd.kz



Құрметті оқырмандар!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

Әз - Наурыз - жаңару мен жаңғырудың береке мен бірліктің бастауы.

Жылдың бұл мезгілі - күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта түлейтін шақ. Сондықтан ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне айрықша мән берген, оны Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтаған. Бұл күндері мейірімділік, жанашырлық жасампаздық сияқты қасиеттер ерекше дәріптеледі. Соның арқасында еліміз бірлігін бекемдеп, тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Халқымыз әрдайым Наурыз мейрамдарын жақсылықтың жаршысына балаған. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Түбегейлі өзгерістер қастерлі отанымызды өркендетуге тың серпін беріп, ынтымағы жарасқан жұртымыздың ырысы артып, қолға алған игі бастамаларымыз оңынан болсын, деп тілеймін.

Әз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Отбасыларыңызға амандық құт-береке тілеймін! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Барлық игілікті істеріңіз табысты болсын!

Құрметпен,
ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты»
директоры Манара Елекенқызы Адамова



Республикалық ғылыми-ақпараттық, әдістемелік журнал құрылтайшысы:
Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы

Бас редактор *Адамова Манара Елекенқызы*

ҚР оқу-ағарту Министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

Атқарушы редактор *Ерманова Мария Наятовна*

Балаларды ерте дамыту институты директорының орынбасары

Редакция алқасы *Рысбаева Назкен Рыстыбаевна,
Сағалиева Жанар Каукербековна*

«Ғылыми педагогикалық зерттеулер және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының мониторингі» орталығының мамандары

*Мукушева Гулнара Омарбековна,
Хаменова Мария Олжабаевна,
Сарсембина Бақытқұл Қуандықовна*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын қамтамасыз ету орталығының мамандары

Техникалық редакторлар *Тюлебаева Гульмира Кайратовна,
Полатов Берик Байдуллаевич,
Кенжеахметов Олжас Сеитович*

«Ақпараттық талдау» орталығының мамандары

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінің Мерзімді баспасөз басылымын,
ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік.
Алғашқы есепке алу кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 21.07.2014, 14471-Ж

МАЗМҰНЫ

Содержание



ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ АКТУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселелері	6
Интеграция различных видов деятельности в процессе развития дошкольников	8
Мектепке дейінгі ұйымдарда М.Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері	11
Развитие познавательных исследовательских навыков через проектную деятельность	14
Балалардың зерттеу қабілеттерін дамыту арқылы көркем-эстетикалық талғамын жетілдіру	17
Мектеп жасына дейінгі балаларға тілді меңгертуде коммуникативтік дағдыларын дамытудың маңызы	21

МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРЕДІ СПЕЦИАЛИСТЫ СОВЕТУЮТ

Мектеп жасына дейінгі балалармен түзету жұмысы барысында логопед пен ата-аналардың байланысы	26
--	----

ПЕДАГОГТЕР, СІЗДЕР ҮШІН ДЛЯ ВАС, ПЕДАГОГИ

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар	29
Методические рекомендации «Вовлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования»	35

АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ

Досуговые формы организации взаимодействия инструктора по физической культуре с родителями и детьми дошкольного возраста	40
--	----

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ

Использование игр и упражнений в работе с детьми с особыми образовательными потребностями по методике Клауса Фопеля	45
Инструментальное музицирование в детском саду	48

ДАНА БАЛА

Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской обществу в виде информационного материала

Проблемное обучение как технология развития критического мышления и коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста	51
Геймификация в детском саду	54
Формирование основ экологической культуры в условиях санаторного ясли-сада	57

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ ИННОВАЦИЯ И ОПЫТ

Ойын арқылы баланың ой-өрісін, танымдық қабілетін дамыту	61
Ойын арқылы баланы тәрбиелеу және оқыту	63
Роль развивающих игр в развитие умственных способностей детей дошкольного возраста	67
Педагогический опыт: использование технологии кроссенс в работе с детьми по развитию речи	70
Технологии тьюторского сопровождения обучающихся с нарушением слуха в условиях инклюзивного образования	76
Педагогический тренинг: «Критическое мышление»	80
Использование игровых технологий (Игра под руководством, структурированная игра, свободная игра) в качестве эффективного метода обучения на организованной деятельности по казахскому языку	83
Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін экоертегі арқылы қалыптастыру	87
Ойын арқылы балалардың ойлауын дамыту ..	91
В.В. Воскобовичтің дамытушылық ойындары арқылы, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру	94

МЕРЕКЕДЕН МЕРЕКЕГЕ ПРАЗДНИКИ КРУГЛЫЙ ГОД

1 Наурыз «алғыс айту» күніне арналған, «Ризашылық» ертеңгілігі сценарийі	98
Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, әжем және мен» байқауының республикалық кезеңінің қорытындысы	101
Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні» республикалық байқауының қорытындысы	115



Болатхан Инжигуль Болатханқызы
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы,
«№27 сәбилер бақшасы»
Меңгеруші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселелері көтеріліп, балалардың тілін дамыту әдістері ұсынылады.

Түйін сөздер: Қолжетімді кітап бұрышы, тіл дамыту әдістері, сайыс.

Қазіргі заман – ақпараттық, цифрлық заман. Бүгінгі таңда ұялы телефонды сәби жасынан меңгерген бүлдіршіндерге таңданбайтын уақытқа жеттік. Осындай цифрланған ғаламтор әлемінде ерекше мән беруді қажет ететін өткір тұрған мәселе - мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту [1. 226].

Мәселені келесі жұмыс бағыттарында байқауға болады:

- мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшаға қабылдау кезінде балаға қойылған қарапайым сұрақтарға («сенің атың кім?», «жасың нешеде?», «анаңның аты кім?») көп балалар тосылып жауап бере алмауы;

- педагогтердің балалар әрекеттерін ұйымдастыру барысында тәрбиеленушілердің 10-15% -ы қарапайым сұрақтарға жауап ала алмауы;

- тәрбиеленушілердің ана тілін білмеуі немесе тілінің кеш шығуы [2. 176].

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту әлемдік мәселеге айланып, шұғыл түрде шешімін табуды талап етіледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің кеш шығуы немесе мүлде байланыстырып сөйлей алмауы, өзінің қалауын тәрбиешіге, ата-анасына ана тілінде жеткізе алмауы - шұғыл ғылыми-педагогикалық тұрғыда шешілуі тиіс.

Бұл мәселенің туындауына әсер ететін

факторларды анықтасақ, оның себептері төмендегідей болуы мүмкін:

- ата-анасының баламен аз сөйлесуі (ата-анасының жұмысбастылығы немесе өзі гаджетпен отыруы);

- «бала – ата-ана – ата-әже» байланысының күйреуі (ата-әжесінің бөлек тұруы);

- жас ата-аналардың мемлекеттік тілде балаларының тілін дамытуға деген ынта-ықыластарының аздығы;

- балалардың тілін дамытатын арналған әдістемелер мен тренажерлердің аздығы.

Бұл мәселені шешу жолы – балабақшадағы уақытты барынша тиімді пайдалану: күнделікті балалардың тіл дамыту, тіл ұстарту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру; педагогтердің сауатты сөйлеуі (тіл тазалығы мен шеберлігі, көркем сөйлеуі); балалардың кітапқа, оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында балабақшада «Қолжетімді кітап бұрышын» үнемі жаңарту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселелерін шешуге бағатталған түрлі семинарлар өткізу, іс-шараларға ата-аналар қауымын белсене қатыстыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әрбір топта «кітап бұрыштарын» толықтырып отыру.

Тіл дамытуға байланысты үнемі ұйымдастырып отыруға болатын келесі әдістерді ұсынамыз:

- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әрбір топта «кітап бұрыштарын» толықтырып отыру акцияларын өткізу;

- аптаның әр сәрсенбі күні бір кітапты үйге оқуға беру. Бала отбасымен бірге кітапты оқып, келесі күні балаларға мазмұнын баяндап беру үрдісін қалыптасты;

- аптаның бір күнінде «Ертегі сиқыршысы» әдісі ұйымдастыруға болады. Ол үшін тәрбиеші «Ертегі сиқыршысы» әдісін ұйымдастыруға отбасын кезекке қояды.

Ата-ана баласымен өздеріне ұнайтын ертегіні сомдайды немесе баяндап береді. Сонда, біріншіден, тіл дамыту жұмысының оңтайлы өтуіне ата-ана мен баланың ықпал етуі олардың кезекке ерекше асығуы, олардың балабақшаның мүшесі ретінде сезінуіне әсер етеді; екіншіден, біздің мектепке дейінгі ұйымда осы әдісті қолданудан кейін балалар көптеген ертегілердің мазмұнын жатқа айтып, кейіпкерлер рөліне еніп, кіші топтарға сахналық көрсетілімдер ұйымдастыратын болды.

- балабақшада ақындық қабілеті бар педагогтер әлеуетін пайдалану да тиімді жұмыс әдістерінің бірі. Мысалы, айтыскерлік өнері бар педагогтер балаларға жеңіл ұйқас сөздердің түрлерін меңгертеді. Балалар ұйқас сөздер тауып, тәрбиеші көмегімен жеңіл өлеңдер құрастырады, ал мерекелерде балалар ата-аналарына «өз туындыларын» оқып береді.

- тәрбиешілер мен балалардың мәнереп оқу сайысын өткізу (шығарма сөздерін нақышына келтіріп, құлақтың құрышын қандырып жеткізе білу дағдысын

қалыптастыру). Мысалы, балабақшаның жылдық жоспарына сай «Жұптасып өлең оқу» атты педагог пен бала жұптары Отан, тіл және басқа тақырыптарда сайыстар өткізілді. Сайыс нәтижесінді балалардың біршамасы сөздерді толық айтуға, коммуникативтік дағдыларының біршама деңгейінің көтерілгенін байқауға болады.

- балаларды ересектермен, өз құрдастарымен емін-еркін сөйлесе алуға үйрету үшін «Мен жас тілшімін» жобасы енгіздік, оның негізгі мақсаты - жобаға қатысушы жас тілшілерді байланыстырып сөйлеуін, өз ойын анық жеткізуге үйрету.


Жоба барысында олар өздерінің шағын блоктарын жүргізіп, балабақшаның тыныс тіршілігі жайлы электронды ақпараттар қорын жинақтайды, қарапайым сұрақ-жауаптан бастап, күрделі сұхбат жүргізу деңгейіне жеткізу жоба міндеттері болып табылады.

Мақалада ұсынылған жұмыс әдістері ата-аналар тарапынан қолдау тапты, мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға оң ықпал етті, балабақшамызда тіл дамытудың оң нәтижелі тәжірибесі қалыптасты [3. 156].

Тіл – халықтың қазынасы, қазақ халқының тілі - дүниедегі ең бай, ең көркем тілдердің бірі, ендеше мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту – оның бастауыш мектепте сәтті білім алуының, қоғамдық ортада сәтті бейімделуінің кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.П. Федеренко, Г.А. Фомичева, В.К. Лотарев «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту».
2. Мұқанов М. «Ақыл -ой өрісі», Алматы.
3. Баймұратова Б. «Тіл дамыту әдістемесінің методикасы» Алматы, - 2007ж.
4. Әуелбаев Ш. «Бастауыш класта қазақ тілін оқыту».





Гордымова Наталья Владимировна
воспитатель
КГКП детского сада-ясли №45 «Болашак»,
г. Усть-Каменногорск

ИНТЕГРАЦИЯ РАЗЛИЧНЫХ ВИДОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В статье рассматривается проблема организации различных видов деятельности в процессе развития дошкольников с учетом интегрированного подхода. При этом дается характеристика самого понятия, рассматривается принцип построения деятельности в ДО, подводятся итоги построения педагогического процесса при условии соблюдения принципа интеграции.

Ключевые слова: дошкольное образование, деятельность, принцип интеграции.

Сегодня дошкольное образование активно развивается в разных направлениях, учитывается уникальности периода детства и повышенное внимание к личности ребенка – дошкольника, разработаны новые требования к организации воспитательного и образовательного процесса.

Одним из принципов развития современного дошкольного образования является принцип интеграции.

Интегрированный подход к обучению все чаще признается в качестве насущной потребности современного образования. Чтобы устранить барьеры между различными видами деятельности, их объединяют вокруг основных концепций и тем. Это позволяет рассмотреть эти деятельности с разных сторон, выявить взаимосвязь. При интеграции различных видов деятельности они взаимодействуют, но в то же время остаются независимыми и равными по содержанию.

Что такое «Интеграция».

Интеграция (от лат. integratio – «восстановление», «восполнение», «соединение») – процесс объединения частей в

целое. (Викпедия)

Интеграция - это процесс установления связей между структурными компонентами содержания в рамках определенной системы образования с целью формирования целостного взгляда на мир, ориентированного на развитие и саморазвитие личности ребенка.

Интеграция в различных видах деятельности дает возможность развивать способности каждого ребенка, формировать его творческое воображение, коммуникативные навыки. Принцип интегрирования положительно влияет на эмоциональное состояние детей.

Принцип интеграции охватывает довольно широкий спектр педагогических явлений и оказывает широкое влияние на теорию и практику дошкольного образования. Использование интеграции в дошкольном образовании позволяет перейти от простого, одностороннего рассмотрения различных явлений действительности к их взаимосвязанному комплексному изучению. В зависимости от возраста детей принцип интеграции в дошкольном

учреждении позволяет показать мир во всем его многообразии, привлекая научные знания, культурное наследие, шедевры литературного и художественного миров. Кроме того, этот принцип позволяет детям формировать способность самостоятельно систематизировать уже полученные знания и подходить к решению проблем нестандартным способом. Процесс обучения превращается в систему, объединяющую знания в единое целое, на основе которого у детей формируется целостное восприятие мира. Понятие «интеграция» раскрывается, как целостное явление, объединяющее различные виды деятельности, приемы и методики в единую систему и выступающее в дошкольном образовании ведущим средством организации образовательного процесса, ведущей формой которого являются не занятия, а совместная деятельность со взрослыми и самостоятельная деятельность детей.

Интегрированный подход в дошкольном образовании заключается в реализации не только содержательных, но и формальных целей и задач воспитания и развития, а также в установлении системы следующих связей:

Компоненты содержания различных разделов программы и внутри разделов программы;

Во взаимодействии методов и приемов воспитания и образовании;

В синтезе детской деятельности.

В настоящее время перед дошкольным учреждением поставлена задача - разработать не интегрированные занятия, а предложить целостный интегрированный процесс взаимодействия взрослого и ребенка по определенной теме в течение одного дня, в котором будут гармонично сочетаться различные образовательные мероприятия, включая различные навыки, для целостного восприятия мир в окружающей среде.

Принцип интеграции является инновационным и обязывает дошкольные учреждения коренным образом перестроить образовательную деятельность в детском саду [2]. Интегрированный подход к

образовательной деятельности соответствует одному из основных требований дошкольной дидактики: образование должно быть небольшим по объему, но емким. Выстраивая образовательный процесс по принципу интеграции различных видов деятельности, мы решаем такие задачи, как:

- Формирование у детей более глубоких, разносторонних знаний; целостного взгляда на мир. Мир, окружающий детей, познается ими в его многообразии и единстве;

- Интеграция способствует формированию обобщенных представлений, знаний и умений, повышает эффективность воспитания и развития детей, побуждает их активно исследовать окружающую действительность, осмысливать и находить причинно-следственные связи, развивать логику, мышление и коммуникативные навыки. По своей сути интегрированный подход к образовательной деятельности заключается в интеграции образовательных навыков на равной основе, но в то же время каждый навык дополняет другой. Организуя образовательную деятельность, педагог решает сразу несколько задач из различных областей программы [1]. В то же время дети осваивают содержание с помощью основных видов детской деятельности.

1. Познавательная

2. Игровая

3. Двигательная

4. Коммуникативная

5. Творческая

6. Трудовая деятельность.

7. Социально-эмоциональная.

Реализация интегрированного процесса предполагает интеграцию даже при выборе темы деятельности.

Если взять, например, тему «Зима», то работа над образовательными навыками может быть следующей:

- Коммуникативные навыки (развитие речи): написание рассказов о зиме, изучение стихов, дидактические игры «Назови больше слов со словом зима или снег» и т.д.;

- Познавательные навыки: разговоры о зиме, наблюдение за снегом во время

прогулки, птицами, которые прилетели к кормушке, небом;

- Творческие навыки: просмотр репродукций картин известных художников, прослушивание произведений, конструирование, рисование, лепка на тему: «Снеговик»

- Физические навыки: подвижные игры «Снежинки» и т.д.

Внедрение интегрированного подхода в этом виде деятельности имеет свои преимущества:

- повышает мотивацию детей к обучению;
- у детей развивается познавательный интерес к восприятию целостной картины мира и рассмотрению явления с нескольких сторон;

- развиваются все компоненты речи;

- дети развивают способность анализировать, сравнивать, обобщать, делать выводы;

- исключается перегрузку;

- расширяется представление о понятиях и закономерностях;

- в результате формируется разносторонне развитая, гармонично и интеллектуально развитая личность.

Деятельность как основа интеграции способна объединить внутри себя разрозненные компоненты и обеспечить необходимые условия для появления нового образовательного продукта, в создании

которого участвуют педагоги, дети и родители.

Для того чтобы качественно реализовать интеграцию в ДУ, необходимо определить формы интеграции, которые обеспечат синтез образовательных направлений, взаимосвязь различных видов деятельности и формирование интегральных качеств личности дошкольника в процессе обучения. Формы интегративного процесса характеризуют конечный продукт, который приобретает новые функции и новые отношения между педагогом, воспитанником, родителями в течение одного дня, одной недели. Такими интегративными формами в ДУ могут выступать совместные творческие проекты, эксперименты, экскурсии, сюжетно-ролевые игры [3].

Подводя итог вышесказанному, можно сделать вывод, что интеграция различных видов деятельности как новый подход к организации образовательной деятельности позволит добиться больших успехов в обучении и воспитании подрастающего поколения.

Технология интеграции организованной образовательной деятельности может быть различной, однако в любом случае необходимо проявление творческой активности педагога. Это одно из важных условий при ее проведении для развития детских способностей.

Литература:

1. «Интеграция как условие развития познавательных способностей детей дошкольного возраста». <http://elar.uspu.ru/bitstream/uspu/10938/2/10kalugina.pdf>

2. «Интеграция разных видов детской деятельности на занятиях. Использование процесса интеграции в ДУ». <https://optolov.ru/calculation-of-materials/integraciya-raznyh-vidov-detskoj-deyatelnosti-na-zanyatyah.html>

3. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Интеграция>



Сарсекенова Лидия Аменовна

Атырау қаласы,

№8 «Ақбота» санаторлық бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА М.МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада М.Монтессори әдістемесінің балалардың өзін-өзі дамытуындағы құндылығы туралы баяндалады. Ең бастысы, баланың өзінің жеке тұлға екендігін сезіне білуіне, іс-әрекетін қажетіне қарай ұйымдастыра алуға деген ұмтылысын тәрбиелеуде М.Монтессори әдісінің қолдану, әдістің мектепке дейінгі ұйымда педагогтің шығармашылығын дамыту шарттары ұсынылады.

Түйін сөз: М.Монтессори педагогикасы, әдісі.

М.Монтессоридің маңызды енгізген жаңалығы дәстүрлі топтық-сағаттық жүйесін бұзу және әрбір тәрбиеленушіге маңызды автономия мен дербестік құқығын мойындауға, өз жұмыс қарқыны мен білімді игерудің ерекше тәсілдерінен құрылған, 0-3 жастан 3-6 жасқа дейінгі балаларға арналған бірегей оқу үдерістерін құру болып табылады.

Монтессори бойынша білім беру ұраны - «Өзім істеуге көмектес». «Мен көремін және естимін, әрекет етемін және жасаймын. Сондықтан, оны есте сақтаймын және үйренемін» [1].

Монтессори педагогикасы бойынша балаларға, олардың талаптары, еркеліктері мен бір сәттік қалауларымен айқындалатын шектеусіз еркіндік ұсынатын сияқты болып көрінеміз. Ал, шын мәнінде, балаларға шыдамдылықпен, табандылықпен, олардың еркіндігі басқа адамдардың еркіндігімен шектелетіндігі, ал басқа адамдармен келісу қажеттігі туралы фактіні түсіну мен қабылдауға көмектесеміз. Монтессори өзінің еркіндік түсінігін баланың үлкендердің

еркіне тәуелді болмау деп түсіндірді. Бұл дегеніміз баланың үлкендердің минималды көмегі арқылы өзіне қызмет етуі, жаңаны игере білуі, маңызды шешімді өзі қабылдауы мен баланың даралық құқығын қорғау болып табылады.

Баланың өз мінез-құлқы, өз іс-әрекетін басқаруға көмектесетін, қағида - «өз-өзінің шебері болу». Монтессори-ортасындағы сабақтарда да жеткілікті: «Әрбір бұйым, ойыншық немесе затты алған орнына қайтадан қою қажет», «Бастаған істі аяғына дейін жеткізу маңызды», «Басқаларға кедергі жасамайтындай етіп, жұмыс істеу қажет» .

Бала үшін Монтессори материалдары әлемнің есігін ашатын кілт болып табылады, соның арқасында өзінің әлем туралы бейберекет және өңделмеген әсерін ретке келтіреді және сезінуге үйренеді. «Практикалық дағдылар арқылы өзіндік жұмыс жасай алады, ақыл-ойы және ұсақ қол моторикасы дамып, логикалық түйсігі қалыптасады» [2]. Олардың көмегімен бала мәдениетке және заманауи өркениетке ұштасады. Өз тәжірибесімен табиғатты

түсінуге және онда бағыт алуға үйренеді. Монтессори технологиясына сәйкес әзірленген «дайындалған ортада» бала барлық дене және рухани қызметтерін жаттықтыра алады, өзінің рухани тұтастығын қалыптастырады және жан-жақты дамиды. Дайындалған ортада ретке келтіру құралы арқылы ол өзінің алдыңғы тәжірибесін жүйеге келтіруге үйренеді және бойындағы бар дарындылық қасиеттері ашылады.

Материалдар балалардың әрекет ету ұмтылысына жауап береді. Әр ұйымдастырылған әрекет арнайы дайындалған ортада өтеді [3].

Кішкентай бала көзін, қолы мен аяғын үйлестіруді жетілдіреді, бұл нақты және үйлесімді іс-әрекеттер жасау қабілетін шығаруға көмек көрсетеді. Әлем осы сөздің шынайы мағынасына қол жеткізеді. Әсерлері және сезімімен бірге қосылған қозғалыс рухани дамуы үшін негізін қалайды. Монтессори педагогикасының негізгі принципі – балаға өзін-өзі тәрбиелеуге өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, әртүрлі жаттығулар арқылы дамыта отырып, ұйымшылдық, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру [4].



Материалдарға өзінің дербес қатынасы арқылы бала әртүрлі дағдыларды меңгереді. Ол мақсат қоюға және оған қол жеткізу үшін сәйкес жолын таба білуге үйренеді. Материалдардың күшті тартымдылығы арқылы бала заттарға қызығушылық танытады. Білуге құмарлық және материалдармен жұмыс, оған әлемді түсінуге көмектесетін, онда ішкі уәждеме

сезімі пайда болады. Ол барлығын өзі ретке келтіруге ұмтылады және тек оның дамуын бақылайтын және оларға қаншалықты қажет болса, соншалықты жанама түрде басшылық жасайтын, педагогтың кішігірім көмегін қажет етеді. Заманның талабына сай тәрбиелеп отырған балаларымызды отансүйгіштікке тәрбиелеу – бүгінгі әлемнің күрделі тынысында негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Отаншылдық – сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Сондықтан, Монтессори технологиясымен жұмыс істеу барысында Монтессори құралдарымен жұмыс істеу мақсатын сақтай отырып, ұлтымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ашатын ұлттық нақыштағы құралдарды қолданамыз.

Мысалы, «Күнделікті өмір тәжірибесі» бөлімінде балалар нан турап, көкөністер мен жемістерді қолданып, салат жасаса, мен ұннан қамыр илеп, балаларға сол иленген қамырды бөліп беріп, бауырсақ кестіремін. Оны асханадағы аспазшы апайлар пісіріп берсе балаларға бауырсақ «ұлттық тағам» деп, нанның қадірін айтып түсіндіреміз. Балаларды қонақ жайлылыққа тәрбиелей отырып, дастарханды жаюда әдемі оюланған ыдыстарды қолданамыз.



Сондай-ақ, Монтессори педагогикасында «Математика» бөлімінде санға затты сәйкестендіруді игеруге арналған «Ұршық»-деп аталатын құрал бар. Балаларға бұл құралды таныстыру алдында ертеден келе жатқан халқымыздың қолөнерінде жүннен

жіп иіруге қолданатын ұршықты көрсетіп таныстырамын.

Бейнелеу өнері бөлімінде қағаздан тек жолақтар қиғызып қана қоймай, ою-өрнектерді қиюға арналған трафареттерді қолданып, текеметтер, ыдыс-аяқтарды безендіруді ұсынамыз. Балалар берілген заттарды өрнектеп қана қоймай сонымен қатар олардың қайшымен, желіммен жұмыс істеу барысында қолдарының ұсақ моторикасы дамып, алдағы уақытта қалам ұстап, жазу қабілеттері қалыптасады.

Қазіргі кезеңде ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім сезімдерін дамыту мақсатында да аталған құралдар таптырмас көмек. Монтессори педагогикасындағы «Тіл дамыту» бөлімінде үлкен және кіші қозғалмалы алфавиттерді қолданып, өзінің аты-жөнін, ата-анасына, Отанына деген өз әрекеттерімен көрсетуге үйренеді. Монтессори құралдарының «Ғарыш әлемі» бөлімінде әр елдің карталары, тулары, жан – жануарлар, өсімдіктер, тағы басқа көптеген


айнала қоршаған әлем туралы құралдар берілген.

Біз балаларға еліміздің картасын көрсете отырып, жан-жануарларымен, өсімдіктерімен таныстыра отырып, оның қандай үлкен, кеңбайтақ екенін түсіндіреміз. «Сендер осы елдің болашағысыңдар, оны қадірлеп қорғау, дамыту енді сендердің қолдарыңда!» - деп балаларды өз Отанын сүйуге, оны құрметтей білуге тәрбиеленеді.

Қорыта келгенде, балалар Монтессори педагогикасы арқылы өздеріне қызмет етуді, еркін қозғалуын, материалдармен ұзақ уақыт жұмыс жасауға, өздігінен шешім қабылдауға, өз-өзіне деген сенімге, өз ойын ашық айта білуге, жеке жұмыс жасауға, бір-бірін сыйлауға, достық қарым-қатынас жасауға көп ықпалын тигізуге орасан зор көмегі бар. Өйткені, «кішкентай балалар көп күш жұмсамай-ақ бәрін үйренеді. Мария Монтессори 6 жасқа дейінгі балалардың суды сіңіретін губка сияқты бәрін оңай сіңіретінін байқады [1]. Ол оны сіңіргіш ақыл деп атады» .

Қолданған әдебиеттер:

1. Монтессори М. Баланың үйі. «Ғылыми педагогика әдістемесі» - 1913ж.
2. Монтессори М. «Баланың ақыл-ойы» -1997ж.
3. Филонова В.М. «Методические рекомендации «Методика М.Монтессори» - 2022ж.
4. Назарбаева А.Ш. М.Монтессоридің ойын түрлері -2018ж.
5. С.Дэвис. Монтиссори для малышей. Полное руководство по воспитанию любознательного и ответственного ребенка -2019ж.





**Брагинец Рамиля Закировна,
Андреева Анна Аркадьевна,**
воспитатели КГКП «Ясли-сада № 51»,
г. Костанай

РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ ЧЕРЕЗ ПРОЕКТНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Аннотация. В данной статье рассматривается проектная работа по исследованию ахатинов (вид улиток).

Ключевые слова: панцирь, моллюск, улитка, сухопутный, ахатина.

На сегодняшний день в качестве домашних питомцев начали заводить не только привычных котов, собак, рыбок, но и таких удивительных водных обитателей, как улитки. Самым интересным для разведения на дому являются ахатины – это милые, забавные улитки, которые, впрочем, также нуждаются во внимании и уходе. Данный опыт будет посвящен ахатинам – как они живут, чем питаются и как за ними правильно ухаживать [1].

Домашнее животное – это очень важная часть жизни для многих из нас. Здорово, когда дома тебя ожидают четвероногие зверушки. Вот и мы давно мечтали завести себе домашнего питомца.

Гипотеза исследования: действительно ли улитка-ахатина является идеальным домашним питомцем.

Цель нашего исследования – изучить особенности содержания улиток – ахатин в домашних условиях.

Прогнозируемая реализация проекта – краткосрочный проект.

Задачи проекта:

- Изучить литературу по данной теме;
- Определить место улитки-ахатины в царстве животных;
- Изучить строение ахатины гигантской;
- Описать особенности содержания улиток в домашних условиях;
- Изучить вкусовые предпочтения улиток;
- Измерить скорость передвижения улиток-ахатин, а также реакцию при испуге.

Объект исследования: Сухопутная улитка ахатина.

Методы исследования – изучение литературы.

Объект исследования – домашняя улитка ахатина.

Предмет исследования – особенности жизнедеятельности ахатины.

Участники проекта:

Дети старшего дошкольного возраста.

Основополагающий вопрос:

Улитки – кто это?

Проблемные вопросы:

– Какие бывают улитки?

– Где живут улитки?

Учебные вопросы:

- Где у улиток расположены глаза?
- Чем питаются улитки?
- Зачем улитке раковина?
- Сколько ног у улиток?

Организованная деятельность:

- Физическая культура;
- Утренняя гимнастика «Улитки»;
- Физкультминутка «Веселые улитки»;
- Психогимнастика «Друзья»;
- Коммуникативная деятельность;
- Составление рассказа об улитке-

ахатине;

- Чтение художественной литературы

- заучивание стихотворения Лидии Слуцкой «Улитка»;

- Отгадывание загадок про улиток.

Дидактические игры «Пройди по тропинке улитки», «Узнай на ощупь».

Познавательная деятельность

Беседа на тему «Как ухаживать за улитками-ахатинами», «Как размножаются улитки-ахатины» [2], [3], [4].

Дидактическая игра «Пройди лабиринт улитки», «Соедини по порядку цифры по раковине улитки».

Творческая, изобразительная деятельность:

Рисование акварельными красками на тему «Наш друг ахатина»;

Аппликация «Красивая раковина ахатина»;

Лепка «Разноцветные улитки»;

Прослушивание музыки А.Усачева «Улитка»;

Исследовательская деятельность:

Пальчиковые игры «Маленькие улиточки»;

Беседы с детьми «Животные, живущие с нами рядом», «Как влияет окружающая среда на состояние улиток ахатина»;

Практикум для родителей «Домашние животные – улитки ахатина».

Наши работы:

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА


«Труд»

Хозяйственно-бытовой труд:

- дежурство в уголке природы (кормление улиток ахатинов [5], уборка террариума,

купание улиток под тонкой струей [6], следить за влажностью грунта);

– трудовые поручения – индивидуальные и коллективные.



Ожидаемый результат

После завершения проекта учащиеся смогут:

- с помощью родителей находить нужную информацию;
- задавать вопросы и пытаться самостоятельно искать на них ответы;
- анализировать итоги своих наблюдений;
- использовать полученные знания в


творческих работах;

- презентовать свою творческую

работу.

Литература:

1. *Википедия [Электронный ресурс]. – Режим доступа <http://ru.wikipedia.org/wiki/>*
2. *Ахатина. Строение и образ жизни улиток [Электронный ресурс]. – Режим доступа http://ahatina.ucoz.ru/index/stroenie_i_obraz_zhizni/0-23*
3. *История Ахатин [Электронный ресурс]. – Режим доступа http://ahatina.io.ua/s211807/istoriya_ahatin*
4. *Улитка – ты кто? [Электронный ресурс]. – Режим доступа <http://achatina.by.ru/pages/people.html>*
5. *Полезные статьи [Электронный ресурс]. – Режим доступа <http://www.ahatina.ru/>*
6. *Ахатина – африканская улитка [Электронный ресурс]. – Режим доступа <http://www.zooclub.ru/bezp/5/1.shtml>*





Жолдасова Аружан Адилбековна

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы,
№19 «Балдаурен» бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарда баланың қабілетін дамытуда зерттеу дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылған. Балалардың зерттеушілік қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етіп, бақылау, ақыл-ой белсенділігін, тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын практиклық жұмыстарға талдау жасалған.

Түйін сөздер: Тұлғалық даму, зерттеушілік дағды, оқытудың даму теориясы, гипотеза, конвергентті және дивергентті ойлау, зерттеушілік қабілеттер, эстетикалық талғам.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер тұлғаны дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды жаңартуды талап етуде. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының негізінде әзірленген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуына бірқатар талаптар қояды. Осы талаптардың қатарына баланың идеяларын өз бетінше шешуге мүмкіндік беретін, тәуелсіз қызметті белсендіретін, мектеп жасына дейінгі балаларда интеллектуалды пассивтіліктің дамуына жол бермейтін және де ойлаудың өнімді формаларын дамытатын зерттеу қызметін қалыптастырудың қажеттілігі айтылады [1,3-5 б].

Зерттеу жұмыстары неғұрлым алуан түрлі және қарқынды болса, бала соғұрлым жаңа ақпарат алады және баланы толыққанды дамытудың жолдары айқындалатын болады.

Сондықтан да, қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарында баланың қабілетін дамытуда жұмыс жасаудың тиімді жағы ретінде, зерттеу дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылған. Бұл жұмыстың негізгі жетістіктерінің бірі - баланың затпен, материалмен, нақты объектімен тікелей қарым-қатынас жасауы болып табылады. Зерттеу кезінде бала өзінің қажетін қанағаттандырады, ойлау, есте сақтау, зейін-ін тұрақтылығы қалыптастырады, бақылау, салыстыру, орнына қою сияқты дағдыларды бойына дарытады.

Балалардың ізденіске деген қажеттілігі биологиялық тұрғыдан да дәлелденген, бала зерттеуші болып туылады. Жаңа нәрсеге құштарлық, білуге құмарлық, үнемі бақылауға және эксперимент жасауға ұмтылу - балалар мінез-құлқының ең маңызды белгілері болып табылады. Зерттеуге деген ұмтылыс нәтижесінде балада мінез-құлық қалыптасады және баланың психикалық дамуының бастапқыда өзін-өзі дамыту

процесі ретінде дамуы үшін жағдайлар жасалады.

А.И. Савенковтың, О.К. Тихомирова, Н.Н. Поддяков, Л.С.Выготский және басқа да авторлар өздерінің еңбектерінде балалардың зерттеушілік қызығушылықтарын дамыту, қабілетті тұлғаны тәрбиелеуге арналған педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырады. А.И. Савенков зерттеушілік қабілеттер құрылымында ізденіс әрекетін, конвергентті және дивергентті ойлауды, зерттеушілік дағдыларды қамтитын күрделі формация ретінде атап өтеді.

Конвергентті және дивергентті ойлау дегеніміз-бұл проблеманың шешімін табуда туындайтын ойлардың екі түрі.

Конвергентті ойлау ақыл-ойды, логиканы және тәжірибені қолдануымен сипатталады, екінші жағынан дивергентті ойлау-бұл басқа шығармашылық ойлауды ынталандыратын, әсіресе жаңа мәселенің шешімін табуда пайдалы [2,-1216].

Ал, Л.С. Выготский бала неғұрлым көп көрген, естіген және бастан өткерсе, соғұрлым көп біледі және үйренеді, оның шығармашылық, зерттеушілік белсенділігі жоғары болады» - деп жазған [3,14-216].

Бала өзінің қызығушылық сезімі арқылы қоршаған әлемді табиғатты зерттеуші. Қоршаған ортадағы болмыс балаға қызығушылық сезімдері, әрекеттері мен тәжірибесі арқылы ашылады. Зерттеушілік қабілеттерді дамыту арқылы біз жаңа ақпаратты іздеу, алу және түсіну процесінің сәттілігі, эстетикалық талғамы мен тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтай аламыз. О.М. Дьяченко, А.А. Агаева, А.З. Зақ, З.А. Михайлова, Н.Н. Подьяков, Т.И. Ерофеева өз еңбектерінде мектепке дейінгі кезеңде оқытудың даму теориясы балалар қиялының және шығармашылығы қабілеттерін дамуын кездейді, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің міндеті ойындарды белсенді пайдалану, ертегілерді кабылдауға баулу, өзіндік жазу, модельдеу, эксперимент, зерттеушілік дағыларын дамыту қажеттілігін атап өтеді [4, 424- бет].

Ал, ғалым Е.О. Смирновтың айтуынша кіші жастағы балаларды тәрбиелеуді

жандандыруда балабақшаларда риторика, жаратылыстану ғылымдары, физика, компьютерлендіруді енгізу қажеттілігі айтылады. [5,31- бет].

Ғалым зерттеушілер қызығушылық ұғымына және оның оқумен байланысына назар аударып, жүргізілген зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, қызығушылық балалардың зейініне және оқу деңгейлеріне әсер етеді, сонымен қатар балалардың зерттеуге деген ынтасын арттыратынын айтады.

Норвегиялық балабақшаларда 4–6 жастағы балалар бойынша өткен зерттеулерде балалардың табиғи элементтермен және табиғат әлемінде (мысалы, өсімдіктер, жәндіктер, тастар) болуы балаларда сұрақ қоюы, ерекше қызығушылық танытудың артқанын айтады. Бұл зерттеу нәтижелерінен біз балалардың табиғи ашық аймақта болуы, баланың бойында жаратылыстану тақырыптарына деген қызығушылығының артатынын көрсетеді.

Осы аталған ғылыми деректерге сүйене отырып, тәрбиешілердің ізденіс әрекеттері кезінде балалардың мұндай тақырыптарға деген қызығушылығын дамытуға қалай қолдау жасау қажеттігін және балалардың қызығушылықтары осы жағдайларда қалай артатынын бақылау жасалды.

Мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту. Себебі, зерттеу жұмысы балалардың білуге құмарлығын, ақыл-ойын, ізденімпаздығын дамытады және олардың негізінде ғылыми-зерттеу әрекеті арқылы тұрақты танымдық қабілеттерін, қызығушылықтары мен көркем эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Мектеп жасына дейінгі бала айналасында болып жатқан барлық нәрсеге қызығушылығының жоғары болуымен сипатталады. Күн сайын балалар көбірек жаңа объектілерді білді, олардың атауларын ғана емес, сонымен қатар ұқсастықтарын білуге ұмтылады, байқалатын құбылыстардың ең қарапайым себептері туралы ойлай бастады. Балалардың қызығушылығын қолдай отырып, оларды табиғатпен таныстырудан оны түсінуге жетелеу қажеттігі туындады.

Зерттеу жұмысы балалар өмірінің барлық салаларын, балалардың барлық іс-әрекеттерін, оның ішінде ойынды қоса алғанда, негізгі фактор болып табылды.

Міндеті балалардың – зерттеулерге, жаңалықтарға қызығушылықты қолдау және дамыту, бұл үшін балаларға қажетті жағдай жасау қажет болып табылды.

Зерттеушілік жаратылыстану бағытындағы жұмыстар мен іс-шаралары балалардың тапсырмаларды орындау жолында белгілі бір дәрежеде еркіндікке ие болатыны анықталады. Тәрбиеші ретінде балалардың жаратылыстану мазмұнына немесе тақырыбына қатысты өз ойлары мен ізденістерін білдіруге, ойын ашық және еркін жеткізуіне ықпал жасады. Бақылау нәтижесі балалардың зерттеушілік қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етіп, бақылау, ақыл-ой белсенділігін дамытты.

Зерттеу – әр баланың сүйіп атқаратын әрекеті болғандықтан, оның қолы ешқашан бос болмайды, сондықтан, бала үнемі қоршаған әлемді зерттеу барысында болады. Бала қағазда сурет салса да, аспандағы құстарға қараса да, терезеден көшедегі машиналарды санаса да, жерді қазса да, өсімдіктің өсуін бақыласса да, ойыншықты сындырса да – ол заттар мен құбылыстарды зерттеу жұмысымен айналысуда деп айтуға болады. Осындай зерттеу барысында туатын бала сұрақтары өте көп:

- Аспан неге көгілдір түсті?
- Неліктен жапырақтар күзде сарғаяды?
- Неліктен бұлттар аспанда жүреді?
- Жұлдыздар неге күндіз көрінбейді?
- Құстар неге аспанда ұшады?

Бұдан шығатын қорытынды, балаларға ересектерден білімді дайын түрде алғаннан гөрі ғалымдар секілді білгісі келген мәселені зерттеу, тәжірибе жасау арқылы тану әлдеқандай тиімді болмақ.

Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиелік зерттеулері, мынадай негізгі кезеңдерді қамтыды:

1. Проблеманы анықтау және тұжырымдау (зерттеу тақырыбын таңдау).
2. Мүмкін болатын шешімдерді іздеу және ұсыну.

3. Материалдар жинақтау.

4. Алынған мәліметтерді жалпылау.

5. Жобаны дайындау (хабарлама, есеп, макет және т.б.)

6. Жобаны қорғау.

Зерттеу дағдыларын дамыту бойынша жұмыс жасағанда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, тапсырмаларды бірте-бірте күрделендіру принципін басшылыққа алған дұрыс.

Проблеманы анықтау және тұжырымдау (зерттеу тақырыбын таңдау) жұмысы яғни мәселені көру көбінесе оны шешуден қиынырақ. Проблемаларды көру қабілеті адамның ойлауын сипаттайтын интеграциялық қасиет. Ол әртүрлі іс-әрекеттерде ұзақ уақытты алады.

Мәселені анықтағаннан кейін оның шешімін іздеу қарастырылады. Демек, зерттеуші негізгі дағдыларының бірі – гипотеза құра білуі қажет. Гипотеза қарапайым ұсыныстан айырмашылығы барлау ізденіс жолын көрсететіні негізделуі керек. Бірақ баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған балалардың зерттеулері үшін «көп болса, соғұрлым жақсы» қағидасы бойынша гипотеза жасау қабілеті маңызды, сондықтан, кез келген, ең фантастикалық гипотезалар мен идеялар тымді болмақ. Гипотезаның өзі баланың шығармашылық, зерттеушілік ізденістерін ынталандыратын маңызды факторы болып табылады.

Гипотеза құру үшін ойлау, сұрақ қою арқылы үйрету керек. Балаға кез келген зерттеуші үшін де осы маңызды дағдыны меңгеруге көмектескісі келетін педагог сұрақтың әдетте мәселені көрсетудің бір түрі ретінде қарастырылатынын және шартты түрде екі бөлікке - бастапқы және негізгі болып бөлінетінін білуі керек. Сұрақтың негізін сұрақта айқын немесе жанама түрде көрсетуге болатын бастапқы білім құрайды. Бұл негізгі білімнің белгісіздігін шешу қажет. Бұл әдетте «кім», «не», «қашан», «неге» және басқа да соларға ұқсас сөздермен белгіленеді, олар әдетте сұрақ операторлары деп аталады.

Зерттеу міндеттерін шешу үшін

ұғымдарға анықтама бере білу маңызды. Ұғым – логикалық ойлаудың бір түрі. Ұғым дегеніміз – объектілерді маңызды және жалпы белгілері бойынша көрсететін ойлау формасы. Ұғымды анықтау дегеніміз – оның нені білдіретінін көрсету, оның мазмұнына кіретін белгілерді анықтау [6, 22-56 бет].

Зерттеу әрекеті тұрғысынан балалардың құбылыс, себеп, салдар, оқиға, шарттылық, тәуелділік, үйлесімділік, үйлеспеушілік, мүмкіншілік, мүмкін еместік, т.б. ұғымдарды меңгеруі маңызды рөл атқарады.

Бұл ұғымдарды меңгермей, абстрактылы ойлау болмайды және болуы да мүмкін емес. Баланы нақты және жеке фактіден дерексіз жалпылауға көшуге үйрету керек. Айналадағы қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекетінде балалар қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жайында біраз мағлұматтар алады, халық өнерінің әсемдік әлемін таныды. Зерттеу жұмысы баланы әсемдікке баулып, жағымды эмоция туғызады, қабілеттерін дамытады. Балалардың зерттеу әрекетін ұйымдастырғанда педагог нені есте сақтауы керек? Сын айту – шығармашылықтың дамуына кері әсер етеді.

Сондықтан, балалардың идеяларына теріс баға беруден, директивалық әдістерді қолданудан аулақ болғаны дұрыс. Өйткені бала өзін қоршаған заттар мен құбылыстардың бәрін де қызық көреді.

Сондықтан, балаға қызық болғанда ғана оқып-үйренеді, ал қызық болмаған жағдайда оның оқып-үйренуі қиындық туғызады. Өз

кезегінде оқу мен үйрену репродуктивтік емес (қайталау), зерттеушілік сипатта болғанда пайда болады, яғни бала әр мәселенің шешіміне, әр сұрақтың жауабына өздігімен жетуі керек. Демек, баланы оқып-үйренуге қызықтырып, ынталандыру үшін, баулу үшін біз оған зерттеушілік жұмысты ұйымдастырып, оны жүзеге асыруға көмектесуіміз керек. Баланың кез келген іс-әрекетіне шынайы қызығушылық таныту, оның қателіктерінің астарында ой жұмысын, өз шешімін іздеуді көре білуі керек.

Табысты болжайтын бағалауды білдіре отырып, баланың өз күшіне деген сенімін тәрбиелеу және қалыптастыру да қажет. Тапсырманы орындауда, тәжірибені соңына дейін жеткізуде табандылыққа тәрбиелеген дұрыс. Балаларда қызығушылықтың жоғалу белгілері байқалмай тұрып, шешіліп жатқан мәселе бойынша талқылауды тоқтатқан дұрыс.

Сонымен, біз балалардың бойында зерттеушілік негіздерін қалай отырып, оларды қоршаған ортаның әсемдігін көруге және сезінуге, оны аялауға баулимыз.

«Өз кезегінде зерттеу балада проблема-лық сұрақ туындатады», - деп жазады А.Савенков. Демек, баланы оқып-үйренуге қызықтырып, ынталандырып, баулу үшін біз оған зерттеушілік жұмысты ұйымдастырып, оны жүзеге асыруға көмектесуіміз керек. Сонда ғана оқу мен үйрену шығармашылық қарқын алып, бұрынғы репродуктивтік мазмұннан арылатын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазан.

2. Савенков А.И. Теория и практика применения исследовательских методов обучения в дошкольном образовании - 2004ж.

3. Л.С. Выготский «Жақын арада даму аймағы» теориясы, жалпы ережелері.

4. О.М. Дьяченко, Е.Л. Агаева. «Әлемде не болмайды?» кітабы М., 1991ж.

5. Жұмабекова Ф.Н. Педагогикалық зерттеулердің әдістері - 2017ж.

6. Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Е.И. Бөлшекбаева «Мектепке дейінгі педагогика» 2018ж.



Пархот Жанат Жұматайқызы

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы,
№19 «Балдаурен» бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада коммуникативті дағдылардың дамуы педагогиканың маңызды мәселелерінің бірі ретінде талданған. Мектепке дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігіне арнайы зерттеулер жүргізген көрнекті психологтар мен педагогтардың зерттеулері мен еңбектеріне шолу жасалды. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың дара ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс жасау дағдыларын дамыту мәселеріне талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Коммуникация, коммуникативті дағдылар, келісім, іскерлік, тұлға аралық қарым-қатынас, сөйлеу этикеті, эмоционалды, тілдік қарым-қатынас ортасы, вербалды және вербалды емес құрал, агрессивті, өзін-өзі бағалау.

Коммуникативті қабілеттердің дамуы педагогиканың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Оның өзектілігі қазіргі жағдайда баланың әлеуметтік ортасының ерекшеліктеріне байланысты артып, ондағы адамдар арасындағы қарым-қатынаста тәрбиенің, мейірімділіктің, қайырымдылықтың, сөйлеу мәдениетінің жетіспеушілігі жиі байқалады. Демек, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру жұмысында коммуникативті дағдыларды дамыту міндеттерін шешуге ерекше назар аудару қажеттілігі күн санап артып келеді.

Коммуникация деген не? Кембридж сөздігінде «коммуникация – бұл басқа адамдармен байланыс жасау акті» - деп беріледі. Ал С.И. Ожегов сөздігінде қарым - қатынас ұғымы өзара келісім, іскерлік және достық байланыс арқылы анықталады [1,14-15 б].

Нақты әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде қарым-қатынас ұғымы өзара әрекеттестік, байланыс ұғымдарымен жақын мағынада қолданылады.

Сонымен қатар, қарым-қатынас контексінде өзара әрекеттесуді, қатынасты тиімді жүзеге асырудың тәсілдері, дағдылары, құралдары, адамның қабілеті мен қасиеттері жүйесінде қарастырады. Мектепке дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігіне арнайы зерттеулер жүргізген көрнекті психологтер Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, А.В. Запорежец, А.П. Усова, Е.И. Тихеева, Л.Н. Кони́на, Б. Баймұратовалар.

Сонымен, коммуникативті дағдының теориялық негіздерін А.Л. Леонтьев, Ф.А. Сохин, Е.И. Негневицкая, А.М. Шахронович, Р.С. Немовтар қалады. Ғалымдар А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин қалыптасқан коммуникативті қабілеттер-баланың қоршаған адамдармен қарым-қатынас

жасауға дайындығының негізгі көрсеткіші ретінде қарастырады [2,30-54 б].

Коммуникативті қабілеттер-бұл мектеп жасына дейінгі баланың дамуының, оның әлеуметтенуі мен даралануының, жеке тұлғаның қалыптасуының маңызды шарты ретінде қарастырылуда. Қарым-қатынаста адамдардың тұлғааралық және әлеуметтік қатынастары жүзеге асырылады деп тұжырымдалады. (Б.Г. Ананьев, М.М. Бахтин, А.Н. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев). [2. 31-38 б]. Мектеп жасына дейінгі балалар өсіп, есейген сайын қарым-қатынас дағдыларын біртіндеп меңгере бастайды. Оған дәлел ретінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» ерте жас тобы балаларына коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін мынадай міндеттерді жүктейді, олар:

- тілдік қарым-қатынас ортасын құру;
- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;
- баланың түсінетін және белсенді сөздік қорын қалыптастыру;
- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту;
- балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;
- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру [4].

Бұдан шығатын қорытынды, ерте жас тобы балалары алдымен вербалды емес ақпаратты (мимика, жест – ишара, дауыс, үн ырғағы) оқуды үйренеді, содан соң алғашқы сөздерді үйрене бастайды. Осылайша бала, әңгімелесушіні тыңдау және есту, өзін оның орнына қою, адамдар арасындағы қарым-қатынастың реңктерін қабылдау қабілетіне біртіндеп ие бола бастайды. Сондықтан да, мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жас тобынан бастап ойын іс-әрекеттерінде коммуникативтік дағдыларды дамыту міндеттерін шешуге ерекше назар аудару қажет дер едім.

Көптеген авторлардың зерттеулері (Ильяшенко М.Б., Ушакова О.С., Халезова Н.А. және т.б.) балалардың коммуникативті

қабілеттерін дамыту оқытуды ұйымдастырудың мақсаттары, мазмұны, әдістері мен формалары перспективалы және ілгерілемелі болған кезде ғана тиімді болатындығын атап көрсетеді. Егер, бала сөйлеу этикетін, этикалық норманы, қарым-қатынастың сөйлеу нормаларын қолдана білсе, болжау дұрыс бағалау мүмкіндігі қалыптасатынын да атап көрсеткен.

Мектепке дейінгі ұйымдарда коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың дара ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс жасау дағдыларын дамытуды қарастырады. Балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру жұмысы тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде түрлі сұрақтар қою арқылы әрбір баланың жеке жауап беріп, өз көзқарасын білдіре алатындай сұрақтар қою арқылы дамытуға болады. Сондықтан, балаларды көбірек сөйлесуге қатыстыра отырып, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, кез-келген мәселе төңірегінде әңгімелесіп, пікірін тыңдау арқылы дамытқан дұрыс. Балаларға сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар берілмегені орынды, себебі, барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар баланың дербес дағдыларын дамытуға кері ықпал етеді.

Сонымен қатар, топ бөлмелерінде балаларға арналған кітаптардан, аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыру жұмысының да маңызы зор десе болады. Себебі, балаларға күнделікті кітаптарды оқып беру, тыңдалған шығармалар желісі бойынша өз әсерлерімен бөлісу, олардан драмалық қойылымдар жасау, кітаптардағы иллюстрацияларды қарау, тақпақтарды, өлеңдерді жаттату арқылы балалардың коммуникативтік тілдік дағдылардың қалыптастыруға зор ықпал жасайтынын атап өткім келеді.

Коммуникативтілік – бұл жеке тұлғаның жеке сапасы емес, әртүрлі дағдылардың жиынтығы. Бұл дағды балада айналасындағылармен қарым-қатынас жасау және олармен қарым-қатынас орнату қабілетінде көрінеді. Соның бірі ретінде қазіргі кезде балабақшаларда математика негіздері іс-әрекеттерін қарастыратын болсам, күнделікті түрлі дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған қойылым, әңгімелеу, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады.

Бұл жұмыс түрлері балаларда ойын барысындағы оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе қалыптасуына, дағдыларды игеруіне, қиялын дамытып, шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, балаларда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру барысы қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Бұл жерде ескеретін мәселе балаларға жұмыс жасау барысында дайын үлгі бермеу, өз бетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік бере отырып, тапсырманы шығармашылықпен орындауға мән беру қажет. Әр балаға жеке сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын тыңдау, математикалық ұғымдарды қолданып жауап беруіне, әр түрлі заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне, меңгерген дағдыларын тәжірибеде қолдануына мән беру қажет. Мысалы, қоршаған ортамен танысу тірі және өлі табиғат объектілерін күн сайын бақылау жүргізуде кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті барысында қолданып жатады.

Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды рол атқаратынын атап өткім келеді. Бұл жұмысты ойын терапиясы түрінде жүзеге асыруға болады, өйткені ойын мектепке дейінгі жастағы жетекші іс-әрекет болып

табылады.

Балаларды әңгіме айтуға үйретуде, затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығарманың, ертегінің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға қатысу барысында қалыптасатынын байқауға болады. Педагог ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек қарым-қатынас жасаудың үш аспектісін атап көрсеткен, олар: қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс, әлеуметтік өзара әрекеттесу негіздерін білу және қарым-қатынас жасау.

Қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс бұл баланың қарым-қатынас қажеттілігін сезінуінен байқауға болады. Ол басқа балалармен танысқысы келеді, достық орнатқысы келеді. Егер балаларда мұндай тілек болмаса, қарым-қатынас жасау қиындық туғызатын болса, онда ата-аналар баланың тілегін дұрыс қабылдап, баланың қарым-қатынасқа деген ұмтылысын ынталандыруы керек. Әлеуметтік өзара әрекеттесу негіздерін білу жағдайында қалыпты қарым-қатынас үшін бір тілек жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда бала басқалармен қарым-қатынас жасап қана емес, сонымен бірге, қоғамдағы мінез-құлық ережелерін де білуі және сақтауы керек. Ата-аналар ұлына немесе қызына әңгіме бастауға және қарым-қатынасты сақтауға, жанжалдарды шешуге, сыпайы сөздерді қолдануға үйретуі керек («өтінемін», «рахмет», «мейірімді бол» және т.б.). Қарым-қатынас жасау қабілетінің болуы. Егер бала қоғамда өзін қалай ұстау керектігін білсе, онда ол бұл білімді іс жүзінде қолдана алуы да керек. Қарым-қатынас жасау қабілеті бұл - сұхбаттасушыны қызықтыру, оны тыңдау, оның пікіріне құрметпен қарау, өз пікірін сыпайы түрде қорғау сияқты дағдыларды қалыптастырудан тұрады [3].

Мысалы, әңгімелесушімен байланыс орнату қабілетін дамытуға арналған келесі ойын жаттығулары ұсынуға болады:

– «Күлімсіреу» – барлығына ең қымбат әдемі күлкі сыйлаңыз.

– «Комплимент» – көршіңді мадақтадың,

оның көзіне қарап, ең жылы, ең әдемі сөздерді арнаңыз.

Сондай ақ, педагогикалық жағдаят ретінде әр түрлі еркін ойындар және сахналық қойылымдар адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді. Бұл жердегі басты мақсат балалардың әңгімеге кіру, сезімдері мен, тәжірибелермен алмасу, мимика мен пантомимиканы қолдана отырып, өз ойларын эмоционалды және мағыналы түрде білдіру қабілетін дамыту.

Келесі ойын жаттығуларының маңыздылығын атап өтеміз:

1. Екі бала ренжісіп қалды, оларды татуластырыңыз.

2. Сіз өзіңіздің тобыңыздағы балалардың біреуімен бірдей ойыншық ойнағыңыз келеді-одан рұқсат сұраңыз.

3. Сіз көшеде әлсіз, азапталған мысықты кезіктірдіңіз – оған аяушылық сезіміңізді білдіріңіз.

4. Сіз досыңызды қатты ренжіттіңіз-одан кешірім сұрауға тырысыңыз, онымен татуласыңыз.

5. Сіз жаңа топқа келдіңіз – балалармен танысып, өзіңіз туралы айтып беріңіз.

6. Сіз өзіңіздің сүйікті ойыншығыңызды жоғалттыңыз-балаларға барып сипаттап оны көрдіңіз бе деп сұраңыз.

7. Балалармен кезекті ойын барысында, бір балада ойыншық жоқ екенін байқадыңыз онымен ойыншықты қалай бөлісесіз.

8. Кішкентай бала жылайды-оны тыныштандырыңыз.

9. Сіз бәтеңке бауын байлай алмайсыз-жолдасыңыздан сізге көмектесуін сұраңыз.

10. Сізге достарыңыз келді-оларды ата-анаңызбен таныстырыңыз, бөлмеңізді және ойыншықтарыңызды көрсетіп таныстырыңыз.

Бұл аталған жағдаяттар балаларға қолайсыз жағдайды жеңуге мүмкіндік береді, ұялшақтықты жеңуге көмектеседі, басқалармен достық қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді, бірлескен іс-әрекеттің сәтті орындалу нәтижесін көрсетеді [5].

Балалармен жеке әңгімелер өткізу жұмысы да маңызды талаптардың бірі десе болады. Мысалы, баланы қарым-қатынасқа қалай үйретуге болады? Ұяң баламен жұмысты қалай ұйымдастырамыз? Агрессивті баламен қалай әрекет ету керек? Баланың өзін-өзі бағалауын қалай көтеруге болады?

Бұл жұмысты нәтижелі жүргізу үшін ата-аналар, балалар мен тәрбиешілер ұжымының бірлігін қалыптастырып, бірлескен мерекелер мен ойын-сауықтар, ата-аналар мен балалар біріккен шаралар ұйымдастыру үлкен рөл атқаратынын атап өткім келеді. Әр мерекелік іс-шараның бағдарламасына балалар мен ата-аналар қатысатын ертегілерді театрландыру немесе сахналауды кірістіруге болады. Бұл ұжымның бір тұтастығына ықпал етеді, балалардың көз алдында ата-аналардың беделі артады, ал ата-аналар балаларын басқа да қырынан таниды, олардың құрдастарымен қарым-қатынасын көріп қуанады. Өз кезегінде балалардың қарым-қатынас шеңбері кеңейіп, өзін-өзі бағалауы жоғарылайтын болады.

Сонымен бірге, баланың жаңа дағдылары мен білімдері, қалыптасқан тәртіп ережелері, қиялы, қарым - қатынас жасау дағдылары мектепке дейінгі жастағы жетекші іс-әрекет – сюжеттік рөлдік ойындар арқылы да қалыптасып, дамиды. Басқа әрекет үстіндегі баланың мінез-құлқы бұл сюжеттік рөлдік ойын әрекеті кезінде мүлдем басқаша орын алатын болады. Қойылым кезінде бала өз-өзін тез жинап, өзін байсалды ұстайды, сюжеттің мазмұнын есінде тез сақтап қалады. Ойын үстінде басқалардың пікірімен санаса отырып, өз талаптарын да орындата алады. Осылайша түсініспеушіліктерді шешіп, бірлесіп жұмыс жасайды. Басқаша айтқанда, қарым-қатынас іскерлігіне үйренеді.

Қорыта келе, балаларда коммуникативтік дағдыларды меңгертуде өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге көмектесетін дағдылар (сөйлеу қабілеті, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі таныстыру), басқаларды түсінуге көмектесетін дағдыларды (келіссөздер жүргізу, жанашырлық, тыңдау, қолдау жасау


қабілеті) меңгерту қажет. Бұл өз кезегінде балалардың адамдар арасындағы қарым-қатынас, кейіпкер ретінде бейнелі сөздерді ажырата алуына мүмкіндік береді. Егер адам өзі туралы сөйлесуді білмесе, тек басқаларды тыңдай алса, ол жеке тұлғаға айналмайды, өзінің «менін» жоғалтады.

Алғашқы қарым-қатынас дағдылары

отбасында, содан кейін балабақшада, мектепте және одан әрі өмір бойы қалыптасады. Сондықтан, басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті немесе қабілетсіздігі ерте балалық шақтан бастап жетілдіру мектепке дейінгі ұйымдардағы дұрыс ұйымдасқан процестерге тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Биекенов К., Садырова М. «Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі»-Алматы, 2007ж.
2. К.С. Жұмасова – «Психология негізі» - 2010ж.
3. Б.Г. Ананьев В.М. Бехтерев, Л.С. Выготский, Қарым-қатынас мәселесінің концептуалды негіздері-1981ж.
4. ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» - 2016 ж.
5. К.М. Метербаева. Тіл дамыту әдістемесі және мәнерлеп оқу практикумы - 1981ж.





Асылбекова Альмира Асылбекқызы
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
«№1 «Балапан» балабақша-бөбекжайының
логопеді

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫ БАРЫСЫНДА ЛОГОПЕД ПЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалармен түзету жұмысы барысында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен жұмыс істеу принциптері баяндалған.

Түйін сөз: Ынтымақтастық, кері байланыс, түзету жұмыстары.

Қазіргі кезде логопед маманның рөлі маңызды болып тұр. Бұл сөйлеу тілінде бұзылыстар бар балалар санының тұрақты өсуіне байланысты.

Сөйлеу бұзылыстары танымдық белсенділіктің дамуына, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына және де әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіреді.

Отбасы - баланың ең жақын және тұрақты әлеуметтік ортасы және оның дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына әсері зор [1. 236].

Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларды түзету жұмыстары сәтті болу үшін көбінесе логопед маманның ата-аналармен өзара әрекеттесуіне байланысты. Өйткені, түзету процесіне ата-ананы қосу баланың сөйлеу дамуындағы қажетті шарттардың бірі болып табылады [2. 64б.].

Өзара әрекеттесу тек бір мақсатқа жету үшін логопед маманның, ата-ананың арасында міндеттерді бөлуді ғана білдірмейді. Өзара әрекеттесу міндетті түрде бақылауды және кері байланысты кедергісіз талап етулі болуы керек.

Логопед-маман мен ата-аналардың алдында бірыңғай міндеттер тұр, бірақ оларды жүзеге асыру жолдары ғана ерекшеленеді.

Ата-аналармен жұмыс істеу принциптерін келесідей тұжырымдауға болады:

- Ынтымақтастық - логопед маман ата-аналарды өзінің әсер ету объектісі емес, түзету процесі бойынша тең серіктестер деп санайды;

- Даралау - отбасының мәдени және білім деңгейіне, отбасылық тәрбие стиліне, отбасындағы қарым-қатынас түріне, ата-аналардың өз баласының мәселелеріне қызығушылығы мен түсінігінің болуы;

- Кері байланыстың үздіксіздігі мен тиімділігі – логопед маман отбасында түзету жұмыстарын жүргізу барысы мен сапасына кедергісіз бақылау жүргізуі;

- Кешенділік – логопед маман ата-аналардың басқа мамандармен (невропатолог, психологтермен) байланысын үйлестіруі, өйткені сөйлеу бұзылыстарын жеңу көбінесе күрделі психологиялық-медициналық-педагогикалық мәселе болып табылады.

Логопед-маманның ата-аналармен тиімді қарым-қатынас жасау шарттары.

Түзету жұмыстарының тиімділігі көбінесе логопед пен ата-аналардың сабақтастығы қаншалықты нақты ұйымдастырылғандығымен анықталады. Олар ортақ міндеттерді шешу үшін әріптестер, бір-біріне көмекші бола білуі керек.

Логопед-маманның ата-аналармен өзара

жұмысының міндеттері:

- Әр баланың отбасымен серіктестік орнату;

- Балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін күш біріктіру;

- Ата-аналардың тәрбиелік дағдыларын жандандыру және байыту, олардың өздерінің педагогикалық мүмкіндіктеріне деген сенімділігін арттыру.

Ата-аналардың балаларымен түзету жұмысындағы міндеттері:

- Отбасында балалардың жалпы және сөйлеу дамуына қолайлы жағдайлар жасау;

- Мамандардың ұсыныстары бойынша, балалардың сөйлеу тілінің бұзылысына сәйкес берілген жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу.

Маманның ата-аналармен жұмысының негізгі бағыттары:

- Кеңес беру-ағартушылық жұмыс;

- Түзету-оқыту жұмысы;

- Мониторингтік жұмыс.

Кеңес беру-ағартушылық бағытында логопед:

- Логопедиялық тексеру нәтижелерімен танысу;

- Ата-аналар баланың даму кезеңінде оның сөйлеу жағдайына баға беруін қалыптастыру;



- Әр түрлі жастағы сөйлеу бұзылыстары бар балалардың сөйлеуінің дамуы (онтогенезі) ұғымын қалыптастыру және арттыру;

- Түзету-дамыту әдістемелерімен танысу;

- Қажет болған жағдайда қосымша медициналық тексеру және емдеу мәселелері бойынша кеңес беру;

- Үй жағдайында сабақтарды ұйымдас-

тыру және өткізу барысында дидактикалық құралдар мен әдебиеттердің әртүрлі түрлерімен танысу.

Түзету және оқыту жұмыстары мыналарды қамтиды:

- түзету ата-аналарды балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзету процесіне белсенді қатысуға тарту;

- логопедиялық әдістерді үйрету;

- дидактикалық құралдармен әртүрлі әдістерді қолдануды үйрету.

Мониторинг жұмысына мыналар жатады:

- ата-аналардың түзету мен дамыту жұмыстарының практикалық әдістерін игеру дәрежесін анықтау;

- ата-аналармен жұмыс істеудің таңдалған формаларының тиімділігін анықтау;



- екі жақты ынтымақтастықтың сапасын талдау.

Алайда, кез келген өзара әрекеттесудің негізінде ережелер анықталуы керек.

Логопедтің ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу ережелері:

1. Ата-аналарға қолдау, көмек және жақсы кеңес қажет.

2. Ата-анаңызбен асығыс сөйлеспеңіз. Егер, уақытыңыз болмаса, кездесуді басқа уақытқа ұйымдастырыңыз!

3. Шыдамдылықпен тыңдай біліңіз. Ата-аналарға барлық өзекті мәселелер бойынша сөйлеуге мүмкіндік беріңіз!

4. Қорытынды жасауға асықпаңыз. Ата-анаңыздан естігендеріңізді мұқият сараланыз!

5. Сізге айтылғандар басқа ата-аналардың, балалардың құпиясын бөгде адамдармен бөліспеу керек!

6. Отбасымен кездесуде ата-аналарға конструктивті ұсыныс берумен аяқталуы керек.

Ата-аналармен өзара әрекеттесудің жоғарыда сипатталған әрбір түрі логопед-маманның жұмысында өзінше «жеміс» береді. Ең маңызды нәтиже - балалардың жетістіктері [3. 280б].

Логопед-маманның отбасымен өзара әрекеттесуі, түзету жұмысы тәрбиелеу - білім

беру процесінің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені логопед пен ата-ананың тығыз байланысы түзету жұмысының жоғары тиімділігінің маңызды шарты болып табылады.

Сондықтан, ата-аналармен жұмыс жасаудың кез-келген түрінде түзету жұмысының максималды өнімділігіне ықпал ететін өзара әрекеттесу жолдарын табу маңызды [4].


Қолданған әдебиеттер:

1. Анисимова Ю.Н. «Логопед и родители в процессе коррекции речевых нарушений: поиски эффективных форм взаимодействия», «Воспитание и обучение детей с нарушениями развития» -2015 г.

2. Бачина О.В., Самородова Л.Н. «Взаимодействие логопеда и семьи ребенка с недостатками речи» -2009 г.

3. Вакуленко Л. С. «Организация взаимодействия учителя», «Логопеда и семьи» - 2011г.

4. Волкова, Л. С. «Обучение и воспитание детей с общим недоразвитием речи» - 2004г.





«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ АТА-АНАЛАРДЫ ТАРТУ» ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тартудың теориялық негіздері

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы баланы ерте жастан әлеуметтендірудің екі маңызды институты болып табылады. Олардың тәрбиелеу қызметтері әртүрлі, бірақ мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеті баланың жан-жақты дамуы үшін маңызды. Бала үшін отбасылық тәрбиеге басымдық беріледі, бірақ ата-аналар әрдайым дұрыс әрекет ете бермейді, сондықтан ата-аналар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процестеріне қатысуы тиіс.

Ата-аналарға балабақшадағы тәрбиелеу-білім беру процесінің белсенді қатысушылары болуға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Іс-қимыл үшін тұлғаның қарым-қатынас жасауына негіз болып табылатын, ата-аналар мен педагогтердің өзара іс-қимыл нәтижесінде белгілі бір қарым-қатынастар пайда болады. Мақсаттары, қызығушылықтары келісілгенде, өзара іс-қимыл субъектілерінің мінез-құлқы бірге қабылданғанда тәрбиелеу-білім беру қызметіне бірге белсенді қатысуы жүзеге асады.

Қатысу ұғымы әр түрлі мағынада түсіндіріледі, бірақ сонымен бірге осындай көрсеткіштердің: өзара іс-әрекет субъектілерінің жеке таңдауы (П.Л.Ландсберг), іс-әрекетке жоғары мотивация (А.Н.Леонтьев), іс-әрекетке шығармашылық тәсіл (Н. А. Бердяев) қатысуымен көрінетін жалпы заңдылық байқалады [5].

Мектепке дейінгі білім беру педагогтерімен ата-аналардың бірігіп іс - әрекетке және тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуы педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылының ең жоғары деңгейі болып табылады.

В.А. Сухомлинский өз еңбектерінде отбасылық және қоғамдық тәрбиенің өзара іс-қимыл туралы идеяларын дамыты. Онда: «мектеп жасына дейінгі бала өзін, басқа адамдарды ата-анасының әрекеттері арқылы отбасымен айқындайды. Сондықтан, егер мектеп отбасымен байланыста болса, егер тәрбиешілер мен ата-аналар арасында сенім мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатылса, тәрбиенің міндеттерін табысты шешуге болады» -деп атап көрсеткен [6, 211-бет]. Сонымен қатар, отбасы мен қоғамдық тәрбиенің өзара іс-қимыл идеясын дамытты.

Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар (педагогтер, ата-аналар) арасындағы өзара іс-қимыл барысында олардың сипаттамаларымен әртүрлі байланыстар пайда болады (1-кестеде көрсетілгендей):

- ақпараттық;
- ұйымдастырушылық-әрекеттік;
- коммуникативті;
- басқару және өзін-өзі басқару.

1-кесте Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар арасындағы байланыс

№	Байланыс түрлері	Байланыстар сипаты
1	Ақпараттық	<p>Ақпараттық байланыстар ата-аналар мен педагог арасындағы ақпарат алмасумен сипатталады.</p> <p>Педагог тарапынан ата-аналар әрқашан біле бермейтін балалардың құрдастарымен күнделікті қарым-қатынас кезінде көрінетін жағымды немесе жағымсыз қасиеттері туралы ата-аналарға ақпарат таратылуы мүмкін. Педагог бала тәрбиелеу мен білім беру туралы ата-аналарға пайдалы және қызықты ақпарат ұсынуы мүмкін.</p> <p>Ата-аналар өз тарапынан тәрбиешіні бала тәрбиесіндегі дәстүрлермен, жетістіктермен немесе отбасылық мәселелермен таныстыра алады.</p> <p>Педагог тарапынан ақпараттар топтамасы белгіленгеннен кейін диалогтың сенімділігіне ғана қол жеткізуге болады. Ата-аналар ақпаратпен жауап беру кезінде тәрбиеші ата-аналармен өзара қарым-қатынасты қолдап, ата-аналарға белсенді рөлді қалдырады.</p> <p>Педагог пен ата-аналар ақпарат алмасқаннан кейін баланың жеке басын бірге зерттей алады, белгілі бір балабақшада жалпы тәрбиелеу бағдарламасын құра бастайды.</p>
2	Ұйымдастырушылық-әрекеттік	<p>Ұйымдастырушылық-әрекеттік байланыстар тәрбиешілер тарапынан олардың мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін тәрбиелеу құралдарын пайдалану әдістерін білетін кәсіби мамандар ретінде көрінеді.</p> <p>Құралдар мен әдістер тәрбиелеу жағдаятарының ерекшеліктеріне байланысты таңдалады және оларды пайдалану кезінде нысандарға айналады, онда ата-аналар педагогикалық кеңістік жағдайында болуға мүмкіндік алады.</p> <p>Ынтымақтастық үшін педагогтер негіз жасайды.</p> <p>Педагог пен ата-ана арасындағы ұйымдастырушылық-белсенділік байланыстарын құру шеңберінде, педагог мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-шараларды, сондай-ақ мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарға қатысуға мүмкіндік беруі керек.</p>
3	Коммуникативті	<p>Коммуникативті байланыстарды орнатуда педагогке жетекші рөл беріледі. Педагогтің психология, дау-жанжалдарды шешу, қарым-қатынас орнату әдістері туралы білімі ата-аналармен байланыс орнатуда негізгі рөл атқарады.</p> <p>Ата-аналардың байланысқа шығуға, сындарлы диалогқа түсуге, тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуға және бірлескен жұмыс түрлеріне қатысуға деген ұмтылысы мектепке дейінгі ұйым педагогінің бастамашылық еткен қарым-қатынасының жалғасы болады.</p>
4	Басқару және өзін-өзі басқару	<p>Басқару және өзін-өзі басқару мектепке дейінгі ұйым тарапынан өзара іс-қимыл жүйесін құруды, ата-аналардың осы өзара іс-қимыл жүйесін ұйымдастыруға және іске асыруға қатысуын көздейді.</p> <p>Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымы баланы тәрбиелеп қана қоймай, ата-аналарға бала тәрбиесі туралы кеңес бере алады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтері балалардың тәрбиешілері ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың балаларды тәрбиелеу бойынша серіктестері болып табылады.</p>

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту ата-аналардың белгілі бір эмоционалды-тұлғалық сипаттамаларына және мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби әдебіне байланысты әртүрлі тәсілдерді қажет етеді (2-кесте):

- жүйелі тәсіл;
- іс-әрекеттік тәсіл (А.Н. Леонтьев);
- диалогтік тәсіл (Ж.К. Исаев [7]).

2-кесте – Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу -білім беру процесінің барлық қатысушыларының қатысуын қалыптастыру тәсілдері

№	Тәсілдер түрлері	Тәсілдер сипаттамалары
1	Жүйелі тәсіл	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ата-аналармен өзара іс-қимылы және ата-аналардың тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуы контекстіндегі жүйелі тәсіл, дербес компоненттерді – мақсаттарды, субъектілерді, мазмұнды, әдістерді, нысандарды, педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимыл процесінің құралдарын өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастыруды қамтиды.</p> <p>Педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылында жүйелі тәсілді жүзеге асырған кезде тәрбиелеу- білім беру процесі бірыңғай құрылым шеңберінде іске асырылады.</p>
2	Іс-әрекеттік тәсіл	<p>Адамның белгілі бір қасиеттерінің қалыптасуы іс-әрекет арқылы жүреді. Бұл жағдайда тек осы іс-әрекетке сұранысқа ие қасиеттер қалыптасады. Тек іс-әрекет адамның мәдениетті, таным тәсілдерін және әлемді қайта өзгерту тәсілдерін меңгеруіне ықпал етеді (А.Н. Леонтьев).</p> <p>Тиісінше іс-әрекет арқылы диалогтік, эмоцияға толы қарым- қатынастар қалыптасады; ата-аналарды ойын, шығармашылық, тәрбиелеу мен білім беру қызметіне тарту арқылы баланың бірлескен іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзінің тәрбиелік мүмкіндіктерін, жеке коммуникативті қасиеттерін, толыққанды дамуын жүзеге асыру және дамыту мүмкіндіктері ашылады.</p> <p>Педагогтер мен ата-аналар өздерін сезініп, таным мен қарым-қатынас субъектілері тұрғысынан әрекет ете бастайды, бұл тәсілді жүзеге асыру үшін педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылы бойынша арнайы жұмыс талап етіледі.</p>
3	Диалогтік тәсіл	<p>Педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылы үшін диалогтік тәсіл шеңберінде жаңа мүмкіндіктер ашылады.</p> <p>Өзара іс-қимылды жүзеге асырудағы диалогтік тәсіл педагогтер мен ата-аналардың диалогтық ұстанымының болуын болжайды, бұл педагогтер мен ата-аналардың жеке қызметін өзектендіреді, құндылықты таңдауға, сыни қабылдауға және туындаған мәселелердің шығармашылық шешімін іздеуге ықпал етеді.</p> <p>Ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырудағы диалог нақты білімді, біліктер мен дағдыларды меңгеруге көмектеседі, ақпарат алмасу танымдық іс-әрекетке ықпал етеді.</p> <p>Өзара іс-қимылдың диалогтік тәсілі кезінде педагогтер мен ата-аналар арасындағы тең құқылы серіктестік қарым-қатынас, балаларды тәрбиелеуде туындаған проблемаларды шешудің алқалы тәсілдерін іздеу; диалогта әр қатысушының жеке қасиеттерін түсінуге негізделген өзара іс-қимылдың ерекше психологиялық негізі; өзара іс-қимылдың табыстылығының белгілі бір шарттары (барлық қатысушылардың жағымды эмоционалды көңіл-күйі; баланы тәрбиелеу мен оқытуда мазмұнға, нысандарға және т.б. қойылатын талаптарды таңдау маңызын сезіну) тән.</p>

Бұл тәсілдер мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылының белгілі бір мақсатты, когнитивті, іс-әрекеттік құрылымдық компоненттерінің болуын, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тартуды айқындайды (3-кесте).

3-кесте – Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту компоненттері

№	Компоненттер	Сипаттама
	Мақсатты	– баланың толыққанды дамуы мәселелеріндегі педагогтер мен ата-аналардың бірлігі әлеуметтік маңызды мақсатқа қол жеткізуге бірлесіп талпынушылық; – қарым-қатынастың коммуникативті мәдениетіне негізделген қызығушылықтарына сәйкес атмосфера құруға ұмтылудағы педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимыл бағыты;
	Когнитивті	– өзара іс-қимыл әдістері мен тәсілдерін қолдану, қызметтерді бөлу, бірлескен басшылықтың құрылымы туралы ата-аналардың білім алуы немесе педагогтердің білімінің болуы; Іс-әрекет; – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу саласындағы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі; – педагогтермен және мектепке дейінгі ұйым балаларымен бірлескен іс-әрекет шеңберінде алынған тәжірибе; – іскерлік ынтымақтастық тәжірибесі және бірлескен іс-әрекеттер үшін жауапкершілік;
	Іс-әрекет	– мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша бірлескен іс-әрекет.

Осылайша, бірыңғай процеске қатысушылардың өзара іс-қимылының әртүрлі нысандарын пайдалану мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналардың белсенді қатысуына ықпал ететін болады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГТЕР МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Балабақшада белгілі бір іс-шараларды ұйымдастырған кезде ата-аналар тәрбиешінің көмекшісі ретінде әрекет етеді (әрбір мектепке дейінгі ұйымның жоспарына сәйкес).

Процеске ата-аналардың ынтымақтастығы мен қатысуының үлгілік нұсқалары:

– балалар мен ата-аналардың шығармашылық шеберханалардағы бірлескен шығармашылығы, олардың арасындағы жақсы сенімді қарым-қатынасты қалыптастырады, баланың дамуына оң әсер етеді және оны ынтымақтастыққа үйретеді;

– ата-аналар қойылымдарда ертегі кейіпкерлерінің рөлін ойнайды;

– балалармен бірге әртүрлі техникадағы ертегілерге иллюстрациялар жасайды;

– топ үшін мерекеге арналған әшекейлер жасайды;

– ата-аналар түрлі тақырыптағы көрмелерді ұйымдастыруға және өткізуге қатыса алады;

– балаға көрмеге экспонаттарды таңдауға, дұрыс сөйлем құрастыруға көмектеседі;

– ата-аналар мен балалар көрмеде бірге экскурсия жетекшісі ретінде әрекет етеді;

– тәрбиеленушілердің аналарының бірі аптасына бір рет жоспарланған уақытты бүкіл топпен өткізеді, әр ана өзінің талантын және кіші жастағы балаларға өз өнерін көрсетеді («Аналар мектебі»);

– балабақшадағы мерекелерге қатысады.

Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту мен ынтымақтастықтың бұл нұсқалары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес өзгеруі мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымының тәрбиелеу - білім беру процесіне ата-аналарды тартудың әртүрлі нысандарының үлгілік тізімі ұсынылады (4-кесте).

4-кесте – Мектепке дейінгі ұйымының тәрбиелеу және білім беру процесіне ата-аналардың қатысуының әртүрлі нысандарының үлгілік тізімі

№	МДҰ –ның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналардың қатысу нысандары	Түрлері
1	Алдын-алу жұмысын ұйымдастыру	– балаларды қатыгездіктен қорғау бойынша; – балалардың бойында өзіне және өз мүмкіндіктеріне деген сенімділікті қамтитын, олардың әрбіреуі жақсы, оны жақсы көреді деген жағымды сезімді қалыптастыру мәселелері бойынша;
2	Қатысу	– ойындарға; – эстафеталарға;
3	Балаларды үйрету	– футбол ойнау; – хоккей; – қармен ойнау (қимыл әрекеті);
4	Ұйымға көмектесу	– МДҰ заттық-дамытушы ортасы; – серуендеуге арналған учаскелер; – шеберлік сабақтары (еңбек әрекеті);
5	Шеберлік – сыныптары, тәжірибелер, ойындар	– қарапайым заттармен; – пазлдар жинау; – қойылымдар, өлең композицияларын көрсету (әдеби шығармаларды оқу, театрландырылған іс-әрекет);
6	Балалармен және тәрбиешілермен бірлесіп	– ойнау; – мүсіндеу; – пісіру; – әңгімелесу; – ойлап табу; – қолдан жасау; – отырғызу; – қопсыту; – бояу.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша ұсынымдар:

1) ұйымдастырылған іс-әрекеттің әртүрлі кезеңдерінде ата-аналармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

2) тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды бақылаушыдан ұйымдастырушыға және жүргізушіге дейін біртіндеп тарту ұсынылады;


3) педагогтер ата-аналарға мектеп жасына дейінгі балалармен ынтымақтастықтың педагогикалық тәсілдерін меңгеруге көмектесу қажет;

4) өзара іс-қимыл нысандары әр түрлі болуы мүмкін, ең бастысы-ата-аналар балаларды тәрбиелеу мен оқытуда өздерін ешкім алмастыра алмайтынын сезіну;

5) педагогтер өзара іс-қимыл нысандарын таңдау кезінде тәрбиеленушілердің ата-аналарының таланттарын барынша пайдалануы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жыл 27 шілде № 319-III, өзгерістермен 26.02.2023-2023г. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>).
2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» ҚР Үкіметінің қаулысы 2021 ж. 15 наурыз № 137. – 2021. – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>).
3. Гуманитарная сфера и права человека: Конвенция о правах ребенка 1989 г. (принята Генеральной Ассамблеей ООН 20.11.1989 г., ратифицирована третьей сессией Верховного Совета СССР 13.06.1990 г. – М., 1992. – С. 98-112.
4. Зверева О. Вовлечение родителей в образовательный процесс ДОО как составляющая взаимодействия с семьей // Дошкольное воспитание. – 2016. – №5. – С. 70-75.
5. Леонтьев, А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, Academia, 2005. – 352 с.
6. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – М., 1989. – 153 с.
7. Исаева Ж.К. Общая теория диалога: Монография. - Павлодар: ПГПИ, 2012. - 155 с.





МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ «ВОВЛЕЧЕНИЕ РОДИТЕЛЕЙ В ВОСПИТАТЕЛЬНО- ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС ОРГАНИЗАЦИЙ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»

Теоретические основы вовлечения родителей в воспитательно-образовательный процесс организаций дошкольного образования

Семья с дошкольной организацией – два важных института социализации ребенка в раннем возрасте. Их воспитательные функции разнообразны, но их взаимодействие очень важно, для всестороннего развития ребенка.

Для ребенка предпочтение отдается семейному воспитанию, но родители не всегда поступают правильно, поэтому необходимо участие родителей в деятельности дошкольных организаций.

В детском саду необходимо создать условия, позволяющие родителям быть активными участниками образовательного процесса.

В результате взаимодействия родителей и педагогов возникают определенные отношения, которые являются внутренней индивидуальной основой взаимодействия. При согласовании целей, интересов, взаимном восприятии поведения субъектов взаимодействия наблюдается их активное участие в совместной образовательной деятельности.

Понятие вовлеченности трактуется по-разному, но при этом наблюдается общая закономерность, проявляющаяся в присутствии таких показателей: индивидуальный выбор субъектов взаимодействия (П.Л. Ландсберг), высокая мотивация к деятельности (А.Н. Леонтьев), творческий подход к деятельности (Н.А. Бердяев) [5].

Участие родителей в совместной деятельности и воспитательно-образовательном процессе с педагогами детского сада – лучший уровень взаимодействия по воспитанию и обучению детей.

Развивались идеи взаимодействия семейного и общественного воспитания в своих работах В. А. Сухомлинского. Он писал: «дошкольник почти полностью идентифицирует себя со своей семьей, раскрывая и подтверждая себя и других людей в основном через суждения, оценки и действия своих родителей. Поэтому задачи воспитания могут быть успешно решены, если школа поддерживает связь с семьей, если между воспитателями и родителями устанавливаются доверительные и кооперативные отношения» [6, с. 211].

В процессе взаимодействия между участниками воспитательного процесса (педагогами, родителями) возникают различные связи с их характеристиками (как показано в таблице 1):

- информационные;
- организационно-деятельностная;
- коммуникативные;
- управление и самоуправление.

Таблица 1 – Связи между участниками воспитательно-образовательного процесса

№	Виды связей	Характеристика связей
1	Информационные	<p>Информационные связи характеризуются обменом информацией между родителями и педагогом.</p> <p>Со стороны педагога может транслироваться информация для родителей о положительных или отрицательных качествах ребенка, проявляющихся при общении со сверстниками в повседневном общении, о чем родители не всегда знают.</p> <p>Педагог может предоставить информацию родителям касательно образования и воспитания ребенка, которые могут оказаться полезными и интересными для них.</p> <p>Родители со своей стороны могут ознакомить воспитателя с традициями, достижениями или проблемами семьи в воспитании ребенка.</p> <p>Доверительность диалога будет достигнута только после установления информационного потока со стороны педагога. На этапе ответной информации от родителей воспитателю необходимо поддерживать взаимоотношения с родителями, оставив активную роль родителям.</p> <p>После обмена информацией педагог и родители могут совместно изучить личность ребенка, приступить к формированию общей программы воспитания в конкретном детском саду.</p>
2	Организационно - деятельностные	<p>Организационно-деятельностные связи проявляются в со стороны воспитателей как профессионалов, владеющих и знающих методы использования средств воспитания, обеспечивающие достижение их целей.</p> <p>Средства и методы подбираются в зависимости от особенностей воспитательной ситуации и при их использовании становятся формами, в которых родители получают возможность находиться в условиях педагогического пространства.</p> <p>Педагоги создают основу для сотрудничества.</p> <p>В рамках выстраивания организационно-деятельностных связей между педагогом и родителями, педагогу необходимо предоставить родителям возможность принимать участие в организации и проведении организованных мероприятий, а также праздников, согласно годовому плану дошкольной организации.</p>
3	Коммуникативные	<p>В установлении коммуникативных связей ведущая роль отдается педагогу. Его знания психологии, конфликтологии, способов налаживания коммуникации, являются главными направляющими при налаживании контактов с родителями. Желание родителей идти на контакт, вступать в конструктивный диалог, вовлекаться в воспитательно-образовательный процесс и участвовать в совместных формах работы будут продолжением коммуникации, инициированной педагогом ДО.</p>
4	Управление и самоуправление	<p>Управление и самоуправление предполагает выстраивание системы взаимодействия со стороны педагогов ДО, участие родителей в организации и реализации данной системы взаимодействия.</p> <p>Каждой дошкольной организации свойственно не только воспитывать ребенка, но и консультировать родителей в вопросах воспитания детей. Педагоги ДО выступают не только воспитателями детей, но и партнерами родителей по их воспитанию.</p>

Вовлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс дошкольной организации требует разных подходов (Таблица 2) в силу определенных эмоционально-личностных характеристик родителей и профессиональной этики педагога:

- системный подход;
- деятельностный подход (А.Н. Леонтьев);
- диалогический подход (Ж.К. Исаева [7]).

Таблица 2 – Подходы при формировании вовлеченности всех участников воспитательно-образовательного процесса в дошкольной организации

№	Виды подходов	Характеристика подходов
1	Системный	<p>Системный подход предполагает рассмотрение самостоятельных компонентов – цели, субъектов, содержания, методов, форм, средств процесса взаимодействия педагогов и родителей – как совокупности взаимосвязанных элементов.</p> <p>При реализации системного подхода во взаимодействии педагогов и родителей, воспитательно-образовательный процесс происходит в рамках единой структуры.</p>
2	Деятельностный	<p>Формирование определенных качеств человека происходит через деятельность. При этом формируются только те качества, которые востребованы данной деятельностью. Только деятельность способствует усваиванию человеком культуры, способов познания и способов преобразования мира (А.Н. Леонтьев). Соответственно через деятельность формируются диалогические, эмоционально насыщенные отношения; открываются возможности реализации и развития собственных воспитательных возможностей, личных коммуникативных качеств, целостного развития ребенка как субъекта совместной деятельности посредством вовлечения родителей в игровую, творческую, образовательную и воспитательную деятельность.</p> <p>Для реализации данного подхода требуется специальная работа по взаимодействию педагогов и родителей, чтобы педагоги и родители осознали себя и начали действовать с позиции субъектов познания и общения.</p>
себепті тәжірибе барысында экоертегінің экологиялық мәдениетті қалыптастыруда рөлі аса зор екеніне тоқталамыз. Ең маңыздысы біздің табиғатты сүюіміз және соны балаларға жеткізуіміз, біз табиғатсыз өмір сүре алмайтынымызды балаға түсіндіру. Қазіргі таңда балалардың дамуында экологиялық біліктілікті арттыруда жаңа ертегілердің маңызы ерекше.

Экологиялық ертегілер «экологиялық ақпарат» таратады, яғни табиғат, жануарлар, адамдардың өсімдік пен жануарлар қарым-қатынасы туралы білім береді [3]. Ертегі түсінікті түрде экологиялық мәселелерді, олардың туындау себебін түсіндіреді, экологиялық көзқарасын кеңейтеді, қоршаған ортаны және ондағы адамдардың тіршілік ету ортасымен қарым-қатынасындағы өзгерісті ұғынуға көмектеседі. Қоршаған ортаны нәзік сезіне білетіндей адам жанының қабілетін аша түсуге септігін тигізеді. Ертегі табиғатқа қамқорлықпен қарауды қалыптастыруға бағытталған.

Экологиялық ертегінің ең басты бірегей құндылығы мен ерекшелігі неде?

Кейбір табиғат туралы ертегілерде ғылыми мазмұн көркем сөзбен жақсы өзара әрекеттеседі. Бір жағынан балаларда табиғаттың сұлулығын көру біліктілігін дамытады, екінші жағынан табиғат заңдылығының ерекше құбылыстарын көре білуге үйретеді.

Экологиялық ертегінің негізінде қолданылатын принциптер:

- Ертегінің мазмұнды негізі ойын сауықтық ақпарат емес, танымдық экологиялық болып табылады.

- Ертегіде шынайы заттар мен құралдар, адамның ерекше қабілеттеріне (сөйлеу, ой, іс-әрекеттер және т. б.) ие нақты заттар, табиғат объектілері әрекет етеді.);

- Ертегі кейіпкерлеріне балалардың махаббатын, оң көзқарасын тудыру, себебі егер балаға кейіпкер ұнайтын болса, онда бала онымен байланыстының барлығын жеңіл меңгеретін болады.

Экологиялық мазмұнды ертегілерді қолданудың негізгі мақсаты – баланың тұлғасын дамыту, табиғат әлеміндегі

құндылық бағдары экологиялық эмоционалды сезімтал және әдеби тәжірибені жаңарту. Экологиялық ертегіні тиімді қолдану бізге не береді?

- Мотивациялық, танымдық және мінез-құлық аспектілеріндегі әлеуметтік құзыреттілік (балалардың тірі заттарға қамқорлық жасау және көмектесу, түсіну ерекшеліктері, қажеттіліктері, өзгерістер мен мінез-құлықты, эмоционалды жағдайды көре білу, ертегі кейіпкерлерінің қарым-қатынас тәжірибесін игеру және қосылу мүмкіндігі);

- Зияткерлік бастамашылық (проблема-лық міндеттерді қою кезінде баланың балама шешім табуға ұмтылысы);

- Креативтілік (ойлау, қиял-ғажайып қиялдың дамуы); (4 к моделі)

- Дербестік (табиғат құбылыстарын байқай білу, ертегі шығармаларының элементтерін біріктіре білу және ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттері мен іс-әрекеттеріне қатысты өз ұстанымын жүзеге асыру);

- Өзін-өзі бағалау (өз іс-әрекетін талдай білу, жетістіктер мен кемшіліктерді көру, қателерді табу, оны түзету жолдары) [4].


Қорыта келе айтарымыз, бала тәрбиесімен, оған жүйелі білім беру мәселесімен шұғылданған қандай да ғалымдар болмасын табиғатты назарынан тыс қалдырған емес. Себебі дүниеде, айнала қоршаған ортада адам танып-білетін, зерттейтін, оны күтіп-баптап, қорғайтын жұмбақ сыры мол әлем – тек табиғат. Балабақшада жүргізілген жұмыстарымыздың нәтижесінде балаларды еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, мейрімділікке тәрбиелеп, туған табиғатымыздың жасыл әлемін қорғап, аялай білуге үйретудеміз. «Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді» демекші алға қойған мақсатымыздың дұрыс және нәтижелі болуы біздің қолымызда. Және де осындай жұмыстардың арқасында болашақта табиғатты аялап қамқор болатын, еңбекқор, білімді ұрпақтар тәрбиеленіп жатқанына сенемін.

Бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда да өздігінен жол таба білуге бейім адам тәрбиелеуді қажет етіп

отыр. Сондықтан баланы жеке тұлға деп танып, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға қажетті міндеттерді жасауға мән берілуі тиіс.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.
2. Прохоровой Л.Н. «Экологическое воспитание дошкольников»: Практическое пособие-2003.
3. Фадеева Г.А. «Экологические сказки» - 2004.
4. Құлмағамбетов Т. «Табиғат тануды оқыту әдістемесі». Алматы -2018ж.
5. Көбеева.Н. «Бала және табиғат». Балабақшадағы экологиялық тәрбие -1996ж.





Әбдімәлікова Жанар Кездесқызы
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
№20 «Толғанай» бөбекжай-бақшасының
әдіскері

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сай дамуы мен қарым-қатынастағы барлық қиындықтарды түзетуге мүмкіндік беретін - ойынның маңыздылығы туралы баяндалады.

Түйін сөз: ойын әрекеті, еркіндік, қарым-қатынас, сенімділік артады.

Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, демалдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» – деген аталы сөздің сырына жүгінсек, мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ойынға деген ынтасы, қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері – олар өсіп есейгенде де жалғаса беретіні сөзсіз.

Ойын – мектеп жасына дейінгі кезеңде басталып, адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Қазақ халқында «баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз бар.

Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады. Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшелік, дәстүр жайлы танымы, түйсігі қалыптасады.

Ойын – баланың жан серігі. Қай бала болмасын ойнап өседі. Ойын сырттай қарағанда қиындығы жоқ, оп-оңай көрінуі мүмкін. Ал іс жүзінде бала үшін ойынға қатысты басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол

ойындардан үлкен де мәнді-мағыналы істер туындап өрбитінің байқаймыз. Өйткені, ең алдымен не нәрсенің болсын жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да ойын – бала бойындағы қандай да болмасын бір өнердің бастауы деп білеміз. Өйткені, болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлерінің нышаны ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарының шыңдай түседі.

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі. Ойын арқылы баланың дене ағзасы, дене бітімі жетіліп, өзі жасаған қимыл іс-әрекетіне сенімі артады. Баланың бойында ойлау, ашықтық, тапқырлық, зерттеушілік, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді [1].

Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін барынша еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеттерін байқатады. Ойын ойнау арқылы балалардың танымдық процестері: сезіну,

ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік, қабылдау, естің дамуы артпақ. Сондықтан да педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады.

Бала ойын арқылы өзін бөлеген қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Жалпы айтқанда тәрбие жолы, тәлімдік өнеге ойыннан бастап өрбиді. Ойын бала үшін – нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады [2].

Ойын барысында балалардың бойында әлеуметтік белсенділікті қамтамасыз етудің шарттарына тоқтап кетейік:

- мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік құндылықтар қатынастарының үлгісі ретінде ересектердің қолжетімді іс-әрекетімен таныстырады (дәрігер емдейді, ол сыпайы, мейірімді, ауру түрлерін біледі т.с.с.);

- ойыншықтарды, ойын ортасын, атрибуттарды іріктейді, балаларды ұжымдаса ойнауға, ойын кезінде рөлдер арасында адамгершілік қатынас нормаларын көрсетуге үйретеді;

- рөлдерді балаларға бөле отырып, әрекетті белсендіреді;

- рөлдерді бөлу кезінде кезекті сақтай білуге үйретеді;

- мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырушылық қатынастарын реттейді;

- мектеп жасына дейінгі балалардың ойын мен қарым-қатынасты дамытудың жоғары деңгейі ретінде топтарға бірігуге үндейді [3].

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соның ішінде: тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Ойынның барлық кезеңдерінде баланың қабілеттерін дамытудың алдын алуға жағдай жасайды; өз деңгейіне өзінше көтеріле отырып, бала одан әрі нәтижелі дамиды. Бала ұқыптылыққа үйренеді, өз бетінше әрекет етуге тәрбиелейді, тез әрі тереңнен ойлау қабілетін дамытады. Еліміздің өсіп-өркендеуіне сай, заман талабына жауап беретін рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған, қоғамдық өмірге икемделген, білім мен өмір заңдылықтарын түсінген, қоғам мен мемлекет және отбасы алдындағы жауапкершілікті сезінетін, салауатты өмір салтын саналы түрде, таңдаған өркениетті елдің азаматын тәрбиелеу білім беру ұйымдарына жүктеледі.

Ойын арқылы оқыту қызықты, шұғылданатын әрекет болуы мүмкін әрі тиіс. Ойын іс-әрекет ретінде қарапайымнан бастап күрделіге дейін мінез құлық пен барлық психикалық процестердің қалыптасуына әсер етеді [4]. Ойын барысында балалар жақсы шоғырланады, ересектердің тікелей тапсырмасына қарағанда, жақсы есте сақтап

қалады. Ойынға педагогикалық басшылық жасаудың негізгі мақсаты – баланың қиялын дамыту, балалардың өздігінен барынша өнертапқыш, шығармашыл болуына жағдай жасау. Ойынның әрбір түрі өз мақсаты мен міндеттеріне жауап беріп, топ бөлмесінде ойын кеңістігінің ұйымдастырылуын анықтайды. Ойын дегеніміз өмірді бейнелеп көрсету ғана емес, ол баланың өз орнын анықтау мен өзін көрсетуге мүмкіндік беретін өте маңызды қызмет. Ойын түрлеріне қатыса отырып, бала өзіне жақын келетін, әлеуметтік таңдауына сай келетін кейіпкерлерді таңдайды.



Мектеп жасына дейінгі балаларды ойынға тарту – мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің міндеті. Мектеп жасына

дейінгі баланың дамуындағы ойынның маңыздылығы көп қырлы және даусыз. Ойын әрекеті қарапайымнан күрделіге дейін мінез-құлықтың еріктілігін және барлық психикалық процестерді қалыптастыруға оның ішінде өз ойын дамытуға әсер етеді. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына әсер етеді - ауыстырмалы заттармен әрекет ете отырып, бала болжамды, шартты кеңістікте әрекет ете бастайды. [4]. Бірте-бірте ойын әрекеттері азайып, бала ішкі, психикалық жазықтықта әрекет ете бастайды. Осылайша, ойын баланың бейнелер мен идеялар тұрғысынан ойлануына мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым – қатынастарымен танысады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктелініп алынатын нақты мазмұнымен анықталады.

Қолданған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жыл 9 қыркүйек № 394 ОАМ бұйрығы.
3. Абдраманова, Г.Б. Сюжеттік-рөлді ойындар және оны ұйымдастыру әдістемесі, Г.Б. Абдраманова, Г.О. Байзулдаева.
4. Смирнова Е.О., Рябкова И.А. Психологические особенности игровой деятельности современных дошкольников.
5. Смирнова Е.О., Гударева О.В. Игра и произвольность у современных дошкольников, Вопросы психологии - №1, 2004г.



Айтанова Шырын Әскербекқызы

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
«№1«Балапан» балабақша-бөбекжайының
әдіскері

В.В. ВОСКОБОВИЧТИҢ ДАМУШЫЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ, МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН, ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада В.Воскобовичтің дамытушы ойындарының түрлері мен олардың бірнеше дағдыларды қалыптастырудағы мүмкіндіктері туралы жазылған.

Түйін сөз: Геоконт, күлгін орман, сиқырлы басқатырғыштар.

Қазіргі заман талабына сай қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана психологиясы қалыптасқан, парасатты азамат болып өсулері үшін - білім саласында еңбек ететін біздерге ортақ міндет. Бәсекелестік негізі білімде бастамасын қуаттап - Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласында жарық көрген, авторы Вячеслав Вадимович Воскобовичтің дамытушы ойындарын балалардың танымдық-сөйлеу қызметін дамытуға негізінде қолданылды [1].

Бұл тақырыпты таңдаудағы басты мақсат: Ойын кезінде мектепке дейінгі балалардың математикалық және сауаттық дағдыларын қалыптастыру [2].

Алға қойған негізгі міндеттері:

- Воскобовичтің дамытушылық ойындары арқылы, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын молайта отырып, логикалық ойлау қабілетін арттыру мақсатынды бағытталған ойындарын жас ерекшелігіне сай іріктеу;

- Мектеп жасына дейінгі балаларда Воскобовичтың дамытушы ойындарды қолдануды жетілдіру;

- Жаңадан үйренуге деген ниеттері мен

қажеттіліктерін арттыру;

- В.В. Воскобович технологиясын мектепке дейінгі балалардың танымдық-сөйлеу қызметін дамытуда қолданудың маңыздылығы бойынша ата-аналардың құзіреттіліктерін көтеру;

- Балалардың ойланып барып орындауға және сөйлеу мәдениетінің деңгейінің артуына ықпал ету;

- Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;

- Балалардың қиялын, зейінін, есте сақтау дағдыларын дамыту;

- Сөздік қорларын байыту;

- Балалардың алған білімдерін өмірде қолдана білу;

- Оқу мен тәрбиелеу процесіне байланысты бағдарламалар мазмұнын жүйелі және толықтыру. Әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

Воскобович ойындары несімен ерекшеленеді?

1. Конструктивтік элементтерімен. Мысалы алатын болсақ, «Геоконта» - құрастыру құралы ретінде динамикалық «резеңке», «Воскобович шаршысында» - қаттылық пен иілгіштік бірге, «Мөлдір шаршыда» - мөлдір пластинка мөлдір емес бөлігімен,

«Затейник-бауда» – бау және т.б. Ойын қатысушыларының жас ерекшеліктерінің кеңдігімен. Бір ойын ұш жастағы да, жеті жастағы балаларды да, кейде орта мектеп оқушылары да қатыса алады. Бөбектер үшін де және ересек жастағы балалар үшін де бір-екі әрекеттен тұратын және қиын көп сатылық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

2. Көп функционалдығы. Бір ойынның көмегімен көптеген білім беру міндеттерін шешуге болады. Өзі сезбей-ақ балалар цифрлар мен әріптерді меңгере бастайды; түс, пішінді біледі және есінде сақтайды; қолдың ұсақ моторикасын шынықтырады; тілін, ойын, зейінін, есте сақтауын, қиялын жетілдіреді. Ойындар оқу, математикалық дағдылар, құрастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілдері арқылы жүреді.

«Ура! Мен оқимын» кешені – ойынның ынталандырушы материалдары арқылы оқуға үйрететін, авторлық көзқарасы, зейін мен фонетикалық-фонематикалық естуін дамытатын авторлық өлеңдері мен әндерімен байытылған. Басқа дидактикалық кешендерден айырмашылығы материал қарапайым берілген, бұны қосымша оқусыз-ақ ата-аналар да, педагогтар және тәрбиешілерде пайдалана алады [3].

3. Шығармашылық мүмкіндігімен. Қандай ойынмен бала барлығынан көбірек ойнайды? әрине, балаға өз ойын іске асыруға мүмкіндік беретін ойынмен ойнайды. «Сиқырлы басқатырғыштар», түрлі-түсті «әйнектермен», «Геоконтпен», «Воскобович шаршысымен» неше түрлі қызықты нәрселерді ойлап және оларды осы ойындардың бөлшектерінен құрастыруға болады: машиналар, ұшақтар, кемелер, көбелектер мен құстар, батырлар мен ханшайымдарды – бүкіл ертегі әлемін құрастыра алады! Ойындар ересектерге де шығармашылық пен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

4. Бейнелілік және әмбебаптылық. Бұл ең негізгісі, осы арқылы басқа ойындардан Воскобович ойындары ерекшеленеді. Ойындар ертегі әлемімен, ерекше тілімен толықтырылған, бұл тілді біз, ересектер,

тиімді сөз тіркестерімен алмастырып алғанбыз. Барлық ойындар ең басты қатысушыға - балаға бағытталған. Ертегі - тапсырмалар, мейірімді кейіпкерлер, ер-жүрек сәби Гео, айлакер, бірақ қарапайым Всюсь, қызықты Магнолик ойын барысында баланы сүйемелдеу арқылы, оларға тек қана математика, оқу, логиканы да, сонымен қатар, адамгершілік қарым-қатынастарға, ойынға қатысып отырған ересектермен де ортақ тіл табысуға көмектеседі. Жастың мотивациялық әрекет акценттеріне – қызығушылық, бейнелік, қол жетімділік, стандартқа сай еместігі, қабылдау жаңашылдығы, сан-қилылығы – ойындар шеттетеді, зейінді, қызығушылықты жинақтайды, және баланы шешу үрдісіне әрдайым тартады. Бала міндетті түрде жағдайға кіреді, нақты алгоритм талап ететін, әрекеттердің жүйелілігі, ұсынылған тапсырмаларды, мақсаттарды, шешімдер нұсқаларын іздейді.

5. Ойынның көңіл-күй мәдениеті. Балалар туралы, тәрбиелеу мен дамыту туралы сөз қозғаған кезде біз, ересектер, өте салмақты болып қаламыз. Көптеген педагогикалық тәсілдерді зерделеген кезде ойын туралы жарғы, концепция, ережелерді есімізге салады. Бірақ ойын – көңілді іс. Сондықтан, осы ойындардың маңызды ерекшелігі болып балалар теңдік, қолдау тілі деп қабылдайды, қиын болған кезде қарым-қатынас жеңілділігі сықақ пен сынды түсінеді.

6. Пайдалану мүмкіндігінің әр түрлілігі. Осы ойындардың үй жағдайында да, ойын жинақтарында да, сонымен қатар, балабақшалардың топтарында да, мектептерде де, жеке және түзету практикасында да пайдалануға мүмкіндік береді. Ойындарды білім берудің әр түрлі модельдерінде қолдануға болады. Бұл тәрбиеші мен мектеп педагогына жеке және түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді, бұл топпен, сыныпта сабақты ұйымдастыру үшін материал бола алады. Сонымен қатар, жеке материал ретінде де, топтық жалпы көрнекілік ретінде де пайдалануға болады (мысалы «Геоконт», «Ларчик» кешені – үлкен көлемді).

7. Ойын таңдаудағы басымдылық. Көптеген педагогтердің тәжірибесі «Воскобовичтің дамыту ойындары» бойынша іс-әрекет барысында көңілдерін аудару үшін бір рет ережелер мен міндеттерді түсіндіріп беруді ұйымдастыру жеткілікті екендігін айтып отыр, ал материалдардың қол жетімділігі мен технологиялығы балаларға ойынмен қарым-қатынас жасау арқылы өзі үшін жаңалықтар мен жаңа жақтарын ашуға мүмкіндік береді. Воскобович дамыту ойындары сан алуан және көптеген әрбір мамандарға қол жетімді, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық саланы дамыту жұмысын жүргізуге мүмкіндік беретін ойындар. В.Воскобович ойындары – мектеп жасына дейінгі баланың дамуына қойылатын заманауи талаптарына сай келетін ғажап құрал. Олардың қарапайымдылығы, тәрбиелік және білімдік міндеттерді шешудегі мүмкіндігі зор. Мұндай ойындар психологиялық тұрғыдан жайлы [4].

Бала өзіне және ойыншыққа зиян келтірмей жаттығады, тәжірибе жасайды, шығармашылықпен айналысады. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану нәтижелерін дамыта отырып, ойын технологиясын баланың интеллектуалдық дамуына, денсаулығына, жақсы көңіл-күйде

болуына бағытталды. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналғандықтан, автор ойын мен ертегіні біріктірген. Білім беру мақсаттары ойынның барысына енгізілген. Ал ертегілер – ол мотивация, баланы қызықтыру әдісі.

Ойын үлкен балалардың өмірінде маңызды орын алады әсіресе, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалар. Дамытушылық ойындар – бұл ойындар баланың әр түрлі қабілеттерін, оның ішінде қимыл және ақыл-ойына бағытталап арнайы жасалған. Воскобовичтің дамыту ойындары – бұл шығармашылық әдіс.

Ойын негізі үш негізгі принципке негізделген – қызығушылық, таным, шығармашылық. Бұл жай ғана ойындар емес, ертегілер, қызықты оқиғалар, баланы ойлауға итермелейтін күлкілі кейіпкерлер және шығармашылығына арналған тапсырмалар жиынтығы

Воскобович дамыту ойындарының бала үшін пайдасы:

- ұсақ қол, білек моторикасын жаттықтырады;
- логикалық ойлауын, тілін дамытады;
- қиялы мен шығармашылық қабілетін жетілдіреді және есте сақтау қабілетін арттырады. (сурет №2)



Сурет №2 Воскобович дамытушы ойын барысында


Воскобовичтің алғашқы ойындары 90-шы жылдардың басында пайда болды. «Геоконт», «Ойын шаршысы», «Түс сағаттар» бірден өзіне зейін аударды. Жылдан жылға олар көбейе берді - «Мөлдір шаршы», «Мөлдір цифр», «Домино», «Көбейту планетасы», «Сиқыр-лы басқатырғыштар», «Математикалық себеттер» сериялары. Бірінші әдістемелік ертегілер де пайда бола бастаған. Ойын барысында балалардан күтілетін нәтиже: бала өз бетімен жұмыс жасай алады, әріптерді, түстерді тез жаттап, кеңістіктерді ажырата алады, өзіне деген сенімділік пайда болады. Балалардың ойынға деген қызығушылықтары

артады. Воскобовичтің ойындары – ойын ерекшелігін, ойлана отырып нақты түрде орындауға мүмкіндік береді, ойын ерекшелігі-көпатқарымдылық. Бір ойынның өзінде бірнеше тапсырмалар орындалады. Сан мен әріптерді байқатпай игереді [5].

Балаларға тапсырма қорытындасын шығару, шешімнің орындалуы сапасын өзара бақылау әдісін қолдану өте ұнайды. Сондықтан балалармен бірге «Мұны өзім жасауға көмектес!» Демек, Воскобовичтың әдістемесін балабақшада пайдаланудың тиімділігі – бала өзінің даму ортасында еркін, өз пікірін алға тарта отырып жұмыс жасай алуы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Харько Т.Г., Воскобович В.В. Сказочные лабиринты игры. Инструкции к играм Воскобовича В.В.;
2. М.Сәтімбекова, Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастырудың тәсілдері, Білім технологиялары. 2000ж, №2.;
3. «Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын». Р.Б. Нуртазина, Астана 2006.;
4. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка дошкольное образование (Пр.), 2005, №5.;
5. Усова А.П. Роль игры в воспитании детей. М: Просвещение -1976.





Сағымбекова Гульзат Мейрамбековна

Астана қаласы

№ 95 Алматы шағын орталығының тәрбиешісі

1 НАУРЫЗ «АЛҒЫС АЙТУ» КҮНІНЕ АРНАЛҒАН, «РИЗАШЫЛЫҚ» ЕРТЕҢГІЛІГІ СЦЕНАРЬИ

Аңдатпа. 1 наурыз «Алғыс айту» күні балалармен бірге ертеңгіліктің ерекшеліктері туралы баяндалады.

Түйін сөз: жылы сөз, жақсы ой, қайырымды іс.

Мақсаты: Ризашылық, рахмет, алғыс туралы балаларға түсіндіру; үлкендерге, кішіге деген сүйіспеншіліктерін, сыпайы қарым-қатынасын дамыту; әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Қайырлы күн қымбатты балалар, Құрметті қонақтар және тәрбиешілер! «1 наурыз – Алғыскүні» атты «Ризашылық» күніне арналған ертеңгілігіне қош келдіңіздер!



Ал балалар! Шеңбер жасап,
ризашылығымызды күнімізге сыйлайық!

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,
Ризамын мен бүгінге,
Ризамын мен қазірге!
Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.
Балалар тізбектеліп, бір - бірлеріне тілек білдіріп шығады [1].

Тәрбиеші: Балалармен әңгіме өткізеді, сендер кімдерді жақсы көресіңдер? Оларды неліктен жақсы көресіңдер? Ал өздеріңді кімдер жақсы көреді? Қалай жақсы көреді? Ризашылық дегеніміз не?

- Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?

- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?

- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?

- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер? Балалардың жауаптары тыңдалады. Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық!

Аллаға әуелі рахмет!

Тірлікті мынау жаратқан.

Анаға – өмір сыйлағаны үшін,

Әкеге – қорған болғаны үшін,

Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,

Сөзге – жанды жылытатыны үшін,

Күнге – шуағы мен назары үшін,

Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,

Досқа – сыйластығы мен құшағы үшін,

Әжеге – ыстық алақаны үшін,
Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,
Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,

Отқа – жылулығы үшін, Рахмет!!! Бастысы алғыс айта біле жүрейік балалар деп бір бірлерімен құшақтасып, орындарына отырады.

Тәрбиеші: «Жақсылығың қайтар өзіңе», бейне жазбаға балалардың қонақтардың назарын аударады.(бейне жазбада, отбасы мейірімі,табиғатқа мейірім, жан-жануарларға мейірімі жасалған үзінділер арқылы болады)балалар көріптынышталады, әрі есте сақтап, күнделікті өмірде қолданып, жасауға талпынады.

- Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар.Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және «Табиғат-Анаға» мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар деп, М.Төрежановтың «Алғыс» әңгімесімен толықтырады.

Тәрбиеші: Адамдар бір-біріне ризашылықтарын, алғыстарын білдіріп тұру керек. Балалар, осы сөздерге назар аударыңдаршы. Алғыс айту – бір адамның екінші адамға деген ықыласы, оны мойындау сезімі, жақсылығы үшін білдіретін ниеті. Адамдар бір-біріне деген алғыс сезімдерін қандай сөздер арқылы білдіреді?

- «Рахмет», «Алғыс айтамын», «Сізге өте тәнтімін», «Көп-көп рахмет», т.б. сөздер. Жақсы олай болса, жүрекшелерімізді қолға алып, алғыс айтуды жалғастырайық:

- Балабақшада тәрбие, білім алып жатқанымыз үшін алғыс айтуымыз керек.

- Бізге әріптерді үйреткен тәрбиешілерімізге алғысымызды айтуымыз керек.

- Жарық сәулесін сыйлаған күнге алғыс айтуымыз керек.

- Таза ауасын сыйлаған ағаштарға рахмет айтуымыз керек.

- Бізге өмір сыйлаған анамызға алғыс айтуымыз керек. Ия аналарымызға қанша алғыс айтсақта артық болмайды бүлдіршіндер.

Біз анамызға қалай алғыс білдіреміз?



- Анаға күлкі сыйлауымыз керек.

- Оған қамқор болуымыз керек.

- Оқуды жақсы оқуымыз керек.

-Тәртіпті, әдепті болуымыз керек. Балалар, осы айтылған жақсы сөздерді әрқашанда жадымызда сақтап жүрейік [2].

Тәрбиеші: Қазір бізге балалар жаттап келген тақпақтарын да айтқылары келіп тұр, қабыл алыңыздар!

Дана: Тәрбиешіге ұлы рахмет!

Нәрімен білім сусатқан.

Балалық досқа рахмет!

Қуанған бірге мұңдасқан.

Сол жанға айтам мың алғыс!

Сезімі үшін жылытқан.

Халқыма туған рахмет!

Шыңдаған, елге танытқан.

Аяжан: Қазаққа дархан рахмет!

Салт-санасын сіңірген.

Жеріме байтақ рахмет!

Таза ауа үшін сімірген.

Барша әлем, саған рахмет!

Әр күнім үшін кешірген.

Айсұлтан: Үйреттіңіз санды да,
Келер деп әлі алдыңа,
Келешегімізді ойлап, біздерге
Үйретпегеніңіз қалдыма.

Батыр: Әрненің білдік мәнісін,
Сыртын қойып және ішін.
Айтамыз сізге мың алғыс
Осылардың бәрі үшін.

Іңкәр: Жалынды сәлем жалпыңа,
Бас ием ата салтыма.
Қуана қарсы алатын,
Ризамын туған халқыма.

Тәрбиеші: Өте тамаша балалар үлкен
рахмет алғыс, тақпақ өлеңдерің ерекше
мәнерлеп айтып бердіңдер.

Тәрбиеші: Тұрмайма жанға жарасып!
Баршаға керек жақсылық!
Қызғанбай бөліп алыңыз!
«Сіз» «Біз» деген жылы сөз!!!
Жақсылықтың мейірі.

Бір-біріне болып кез,
Кең болсын адам пейілі – дей келе,
бүлдіршіндердің орындауындағы
«Сағындым Әже, сағындым» әнін қабыл
алыңыздар.

Тәрбиеші: Әннен соң, балалар орын-
дарына отырады, балалар енді мен
сендерге: «Ана мен қызы» туралы әңгімені
тыңдауға шақырамын. Бірде анасы қызы
екеуі сырласып отырғанда «Сендей өнегелі,
ақылды, тәрбиелі қызым өсіп келе жатқаны
мен үшін зор бақыт», – деп айтады анасы
қызына. Сол сөзді естігенімде дейді қызы
қанаттанып, алға қарай ұмтылдым. Анамның
айтқан әр сөзі санамда сайрап, рухтандырып,

қанат бітіріп, өмірге деген көзқарасымды
қалыптастырып, алдағы болашағымды
айқындауға көмектесті. Ол кісіге деген
ризалығымды айтып жеткізу мүмкін емес.
Әрине жүректен шыққан сезімді сөзбен емес,
іспен дәлелдеу керек емес пе?! Сондықтан
мен аянбай еңбектенемін оқуымды жақсы
оқып, тәрбиелі боламын үлкендерді тыңдап
жүремін дейді. Рахмет сізге, анашым!
Маған берген тәлім-тәрбиенің бен аналық
махаббатыңызға шексіз ризамын!деп қызы
анасын мақтан тұтады.

Тәрбиеші: Аналарымызды осылай
әрқашан қадір тұтып, сыйлайық, балалар!
бүгін уйге барған соң осы ертеңгіліктен ал-
ған әсерлеріңмен бөлісіңдер ата-аналарыңа
көмектесіп арқашан қасында болыңдар деп
әңгімесін аяқтайды [3].


Тәрбиеші: Қадірлі қонақтар алтындай
уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге
мыңда бір алғыс білдіреміз! Осымен 1
наурыз-Алғыс күніне арналған ертеңгілігіміз
аяқталды. Сау болыңыздар, көріскенше күн
жақсы болсын!

Бізге ашық күн керек
Аспан керек мөп-мөлдір.
Қуанышқа тұр бөлеп,
Бақытты өмір төккен нұр,
Тыныш болып жер беті,
Түршікпесін денеміз,
Азамат боп ер жетіп,
Ағаларға ереміз.

Балалар көңілді музыкамен қоштасып,
залдан шығады.

Қолданған әдебиеттер:

1. Уралбаева Г.А «Ризашылық».
2. Турсаева У.Б. Балабақша. Ұстаз тілегі (Ойындар, Сценарийлер).
3. Кокоша М.М. Балабақшада Алғыс айту күні.



Халықаралық әйелдер күніне арналған
«Анам, әжем және мен» байқауының
республикалық кезеңінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ



«Үздік аналар мектебі» номинациясы бойынша

Жамбыл облысы, Тараз қаласы, №5 «Ақ желкен» бөбекжай-бақшасы



Айсары Сырғалым Мадиярқызы, 4 жас
Әжесі, анасы:

- ✓ Ахметова Мөлдір Ануарбекқызы,
- ✓ Шонтаева Даулеткул



педагогтер:

- ✓ Ажибаева Молдир Айтбаевна,
- ✓ Куанышова Лаззат Кыдыркуловна

«Үздік аналар мектебі» номинациясы бойынша

Жетісу облысы, Текелі қаласы, «№2 бөбекжай-балабақшасы»



Ботантаева
Жанайым Марғұланқызы

Әжесі, анасы:
✓ Ботантаева Жанна Асановна,
✓ Ботантаева Нагима Смағұловна

педагог:
Сайтбекова Жазира Тұраровна

«Үздік аналар мектебі» номинациясы бойынша

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайыншы ауданы, «Қарлығаш» балабақшасы



Орынбай Эрмина Маратқызы, 5 жас

Анасы: Кунанбаева Амина Калымбековна

педагогтер:
✓ Ташетова Шынар Жамшитовна,
✓ Абжанова Гульнар Загидоллиновна

«Үздік аналар мектебі» номинациясы бойынша

Алматы қаласы, «№74 балабақшасы»



Нұрмұханбет Аялым, 5 жас
педагог - Изенова Нагима Оттепбергеновна

«Үздік аналар мектебі» номинациясы бойынша

Қарағанды облысы, Нұра ауданы, «Балбөбек» бөбекжайы



Әжесі, анасы:
✓ Голощук Галина Григорьевна,
✓ Андриенко Татьяна Владимировна

педагог:
✓ Орынбекова Ляззат Карбаевна

Андриенко Елизавета, 6 жас

«Үздік әжелер мектебі» номинациясы бойынша:

Атырау облысы, Исатай ауданы, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы



Аман Мерейлім Мұратбекқызы, 5 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Губашева Сәуле Әлиқызы,
- ✓ Хайруллаева Мөлдір Смагилақызы



педагог:

- ✓ Утеғалиева Гүлнара Мутиқызы

«Үздік әжелер мектебі» номинациясы бойынша:

Атырау облысы, Индер ауданы, «Айналайын» бөбекжай-бақшасы



Қуаныш Айсезім Ерікқызы, 5 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Жаксылыкова Бекзада Замзеевна,
- ✓ Халыкова Шынар Сүйеуовна



педагог:

- ✓ Мустафина Жанат Гайнушевна

«Үздік әжелер мектебі» номинациясы бойынша:

Павлодар облысы, Ақсу қаласы, «Айналайын» сәбилер бақшасы»



Суиндукова Аяулым, 5 жас

Әжесі, анасы:


- ✓ Кошенширекова Айнур Каиргельдиновна,
- ✓ Джимбаева Улболсын

педагог:

- ✓ Кошенширекова Айнур Каиргельдиновна

«Үздік әжелер мектебі» номинациясы бойынша:

Астана қаласы, «Академия» жекеменшік балабақшасы



Жарылқап Зерем, 5 жас

педагог:

- ✓ Жортекеева Сауле Абухановна

«Үздік әжелер мектебі» номинациясы бойынша:

Астана қаласы, № 22 «Әлем» балабақшасы



Мұратбек Жанайым,
5 жас



Әжесі, анасы:
✓ Нұрділдина Фарида,
✓ Рахимбекова Әсел



педагог:
✓ Серкешова Жазира Болатовна

«Үздік әжелер мектебі» номинациясы бойынша:

Алматы қаласы, №74 балабақшасы



Айдосқызы Аяла, 5 жас,
Айдосқызы Аяна, 5 жас



педагог:
✓ Тойлыбаева Оралай Мырзабековна

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, «Еркемай» бөбекжай-бақшасы



Сағындық Жұлдыз Әкімжанқызы, 5 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Еңсепова Бейбіт Кәпжасарқызы,
- ✓ Мырзағұлова Самал Аралқызы



педагог:

- ✓ Шүренова Нұргүл Ойлықызы

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, «Болашақ» бөбекжайы



Амангелді Еркежан Сабыржанқызы, 4 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Еслямова Калима Қайырханқызы,
- ✓ Бисенова Нурлы Беркиновна



педагог:

- ✓ Жаньярова Гульдана Ериковна

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Қостанай облысы, Рудный қаласы, № 14 бөбекжай-бақшасы



Алимханова Алина, 5 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Эшанкулова Роза,
- ✓ Серикбаева Гулзат

педагог:

- ✓ Эшанкулова Роза Рузимуратовна

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Павлодар облысы, Павлодар қаласы, № 5 Сәбилер бақшасы



Шайкова Айлин, 4 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Гульзия Молдагалиевна Айтжанова,
- ✓ Адильбаева Асель Мендоллаевна

педагог:

- ✓ Гулстан Мухитденовна Айдарханова

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, №6 орта мектебі жанындағы шағын орталығы



Дастанқызы Аяла, 4 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Нұрхаданова Гулнар Советбековна,
- ✓ Жамбасова Аяулым Рамазановна

педагог:

- ✓ Исанова Шұғыла Жанатқызы

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Астана қаласы, №9 «Нұршашу» балабақшасы



Бекзат Айару, 4 жас



педагог:

- ✓ Муталив Бахытжан

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Шымкент қаласы, №19 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы



Нуридилла Назерке Талапқызы, 5 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Шералиева Зина Нурсултановна,
- ✓ Кемелова Жанар Қошқаровна



педагогтер:

- ✓ Абдрасилова Эльвира Бахытжановна,
- ✓ Халкулова Альмира Сайлаубековна,
- ✓ Ахмедова Диана Черкесовна

«Өнегелі әже, тәрбиелі немере» номинациясы бойынша:

Шымкент қаласы, №42 «Толағай» бөбекжай-бақшасы



Эрхан Ару Дауренқызы, 5 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Шералиева Гулайша Диханбаевна,
- ✓ Тотанова Дина Джинбаевна



педагог:

- ✓ Маханова Шарипа Кудайбергеновна

«Шебер ана, еңбекқор бала» номинациясы бойынша:

Ақмола облысы, Жақсы ауылы, №1 ЖОБ мектебінің жанындағы шағын орталық



Жанар Гүлім Русланқызы, 6 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Абиљжанова Азия Максұтовна,
- ✓ Абишева Алма Кабиденовна



педагог:

- ✓ Жамшитова Алуа Бағдатовна

«Шебер ана, еңбекқор бала» номинациясы бойынша:

Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, «Кеңес Одағының батыры Тимофей Позолотин атындағы, №1 Явленка орта мектебі жанындағы шағын орталық



Манас Дана, 4 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Мухамадиева Бақтыгуль,
- ✓ Мухамадиева Фатима



педагогтер:

- ✓ Абишева Айгуль Каиркеновна,
- ✓ Жарылғапова Дамеля Каиржановна

«Үздік ұйымдастырылған шара» номинациясы бойынша:

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, №3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы



Ілиясова Жансая Нұржанқызы, 5 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Саттай Сара Қалжанқызы,
- ✓ Қуандық Жақсыгүл Мерекеқызы

педагог:

- ✓ Толыбаева Феруза Сражадинқызы



«Үздік ұйымдастырылған шара» номинациясы бойынша:

Жамбыл облысы, Тараз қаласы, №28 бөбекжай-бақшасы



- ✓ Алдаберген Рания,
- ✓ Ержан Асылым,
- ✓ Әлтай Адина,
- ✓ Имаділда Альбина

Әжесі, анасы:

- ✓ Утилова Азиза Айтбековна,
- ✓ Культаева Алмагүл Кенесовна

педагог:

- ✓ Әбдраимова Камила Хамитқызы

«Үздік ұйымдастырылған шара» номинациясы бойынша:

Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, «Ақбөпе» бөбекжайы



Әлібек Кәмшат Мұрадымқызы, 4 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Бахашева Бақыт Нұрболатқызы,
- ✓ Мендығалиева Зауре Амангельдиевна

педагог:

- ✓ Хабиболлаева Гулайна Лукпановна

Байқауға қатысқаны үшін Алғыс хат

*Қостанай облысы, Жангелдин ауданы,
М.Дулатов атындағы жалпы білім беретін мектебі*



Серік Жанайым Дәулетқызы, 6 жас

Әжесі, анасы:

- ✓ Серикова Бақытжамал,
- ✓ Қабимолдина Шынар

педагог:

- ✓ Игібай Құнтолқын Қуанышбекқызы

Байқауға қатысқаны үшін Алғыс хат

Түркістан облысы, №8 «Үлгілі» бөбекжай-балабақшасы



Мыңбосын Айзере Қасымжанқызы

Анасы:

✓ Туребекова Молдир Абаевна

педагог:

✓ Исаева Шарипа Аллабергеновна

Байқауға қатысқаны үшін Алғыс хат

Шығыс Қазақстан облысы, Дарынды балаларға арналған
валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені



✓ Дюсейкина Дария,
✓ Ковширина Валерия, 5 жас

Әжесі, анасы:

✓ Сабирова Мунира Жумағалиевна,
✓ Берекполова Венера

педагог:

✓ Ляпунова Изольда Леонидовна

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!



*Наурыз мейрамын тойлауға арналған
«Мымырлық пен шеберлік күні»
республикалық байқауының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ*



ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР, АНА КӨРГЕН ТОН ПШЕР



БАС ЖҮЛДЕ

Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
№ 9 бөбекжай-бақшасы





I ОРЫН

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы,
«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы





I ОРЫН

Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы,
«Жақсыбай» негізгі орта мектебі





II ОРЫН

Абай облысы, Семей қаласы,
№8 «Балбөбек» бөбекжайы





II ОРЫН

ШЫМКЕНТ қаласы,
№43 «Алмаз» бөбекжай-бақшасы





II ОРЫН

Алматы қаласы,
№132 бөбекжай-балабақшасы





II ОРЫН

Қарағанды облысы, Абай ауданы,
«Балбөбек» бөбекжайы





ІІІ ОРЫН

Атырау облысы, «Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім Қоры» қоғамдық қорының филиалы, Атырау қаласындағы, «Мирас» бөбекжай-бақшасы





ІІІ ОРЫН

Қостанай облысы, Қостанай қаласы,
№ 51 бөбекжай-бақшасы





ІІІ ОРЫН

Павлодар облысы, Ақсу қаласы,
№24 сәбилер бақшасы





ІІІ ОРЫН

ШЫМКЕНТ қаласы, «XXI ғасыр»
Элиталық балабақшасы ЖШС



ХАНТАЛАПАЙ



БАС ЖҮЛДЕ

Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
«Ақ желкен» санаторлық балабақшасы





I ОРЫН

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
№22 «Гаухартас» бөбекжай бақшасы





II ОРЫН

Жетісу облысы, Қаратал ауданы,
№ 97 балабақшасы





II ОРЫН

Астана қаласы,
№31 «Ақ сұңқар» балабақшасы





ІІІ ОРЫН

Ақмола облысы, Атбасар қаласы,
«Алтын бесік» бөбекжайы





ІІІ ОРЫН

Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы,
Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебі





ІІІ ОРЫН

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
№3 «Балдаурен» бөбекжайы



**ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

www.irrd.kz
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ
Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғ. 8/2
e-mail: rcdd_info@mail.ru